



ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ



Мемлекет басшысы Сербия Президенті Александр Вучичпен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Вучич екіжақты ынтымақтастықты жандандыру, соның ішінде бұған дейін қол жеткізілген уағдаластықтарды жүзеге асыру және биылғы екінші жартыжылдықта Қазақстан Президентінің Белградқа сапарын ұйымдастыру мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар тараптар өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі бірқатар өзекті мәселе жөнінде пікір алмасты.

# ЕРЛІККЕ БЕЙБІТ ЗАМАНДА ДА ОРЫН БАР



Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар, жоғары әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсыру рәсіміне қатысты.

Президент жиынға қатысушыларыды Отан қорғаушы күнімен және алда келе жатқан Жеңіс күні мерекесімен құттықтап, осы екі мейрам жауынгерлік дәстүрдің сабақтастығын паш ететінін, батыр бабаларымыздың даңқты жолын қазір өскелең ұрпақ жалғастырып келе жатқанын атап өтті.

– Бүгінде айбынды армиямыз – елдегі тұтастық пен тыныштықтың мықты қалқаны. Қуатты әскеріміз бейбітшілік пен берекелі өмірді қас қақпай күзетіп

тұр. Олар қай кезде де кастерлі Отанымызды қорғауға дайын. Ерлік майданда ғана жасалмайды. Ерлікке бейбіт заманда да орын бар. Биыл біз соңғы 80 жылдағы ең жойқын тасқынға тап болдық. Елге қатер төнген сәтте сарбаздарымыз алдыңғы шептен табылды. Ұлттық ұлан, Ішкі істер министрлігі, Ұлттық қауіпсіздік комитеті, Төтенше жағдайлар министрлігі және Мемлекеттік күзет қызметінің жеке құрамы антқа адал болудың үлгісін көрсетті. Алапат тасқынға төтеп

беру үшін 9 мыңнан астам әскери қызметші жұмыла еңбек етті. Мыңнан астам техника жеткізілді. Сын сағатта халқымыздың асыл құндылықтары анық байқалады. Осы орайда Солтүстік Қазақстан облысында апатқа қарсы күрескен 300 сарбаздың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Олар күні-түні бөген салып, қаланы қарғын судан құтқаруға атсалысты. Жергілікті тұрғындар бұл сарбаздарға айрықша риза болды, оларды зор құрметпен шығарып салды. Міне, халық пен армияның мызғымас тұтастығы дегеніміз – осы. Мұндай мысалдар аз емес, – деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

## ПАТРИОТИЗМ – ЕҢ АЛДЫМЕН ОТАНҒА ДЕГЕН СҮЙІСПЕНШІЛІК

Отанды өзі үшін сүйетіндер де, Отан үшін өзін құрбан ететіндер де бар. Алайда отбасыңды, бала-шағаңды, достарыңды, жақындарыңды сүймей, Отанды сую мүмкін емес. Сол себепті патриотизм тақырыбы пікірталасқа толы.

4»»



### ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАҺАРМАН

Кеңес Одағы құлдырап, сарбаз түгілі халықтың өзі абыр-сабыр, ертеңін бағамдай алмай жатқан аласапыран заманда мемлекеттің негізін қалаушы бірден-бір фактор әскер болды десек, соған ұтымды басшылық еткен тұлға – Сағадат Нұрмағамбетов.



### АМАНАТ АРҚАЛАҒАН ҰЙЫМ

Сербия жерінде опат болған отандастарымыздың есімі белгілі болды. Ұзын саны Қазақстанның әр түкпірінен шақырылған 198 жауынгер. Олардың барлығы негізінен соғыстың соңғы жылдары ұрыс даласында немесе жарақаттан госпитальдарда көз жұмғандар.



Мұхтар Құл-МҰХАММЕД,  
Мемлекет және қоғам қайраткері:

### ҚАЗАҚ – БАТЫРЛЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕГЕН ХАЛЫҚ

Биыл Екінші жаһандық соғыстың аяқталып, фашистік Германияның жеңіліс тапқанына 79 жыл толады. Жыл өткен сайын осынау қанқұйлы қырғынның басталу себебі мен салдары жайында жаңаша сипат беріліп, тың деректер шыға бастады. Соғыстың шындығы мен Советтер Одағы құрамында ерлік көрсеткен халықтар өкілдеріне деген көзқарастың да әрқилы болғаны бүгінде айтылып, жазылып жатыр. Осы орайда майдандағы қазақ азаматтарының еленбей қалған ерлік істерін мұрағат материалдары негізінде жұртшылыққа жариялап жүрген белгілі публицист, Ұлттық ғылым академиясының академигі Мұхтар Құл-Мұхаммедті сұхбатқа шақыруды жөн көрген едік.

(Жалғасы 6-бетте)



### ЖАЛЫН ОТ ШАЛҒАН ЖАНУАРЛАР

Жылқы қазақ даласында қолға үйретіліп, бабаларымыздың серігі болғаны рас. Сөйте тұра, бұл жануарлар адамзат тарихындағы соғыстың көбіне қатысыпты. Тіпті, Екінші дүниежүзілік соғыста атты әскер дивизияларының маңыздылығы ерекше болған екен. Германия әскерилері атты әскерге қарсы арнайы тактикалар да ұйымдастырған.

12»»



# ЕРЛІККЕ БЕЙБІТ ЗАМАНДА ДА ОРЫН БАР

(Басы 1-бетте)

Қасым-Жомарт Тоқаев Жетіс күнін жақындатуға атсалысқан майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне әрқашан құрмет көрсетілетінін айтты. Осы ретте ардагерлерге мерекеге орай жыл сайын қосымша төлемақы берілетінін, ал биыл оның көлемі үш миллион тенгеге дейін өскенін жеткізді. Сонымен қатар өзінің бастама-сымен биылдан бастап «Айбын» орденінің үш дәрежесі данқты батырларымыз – Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың атымен аталатынын еске салып, ұлт перзенттерінің батылдығы мен батырлығы бүгінгі және болашақ ұрпақ үшін үлгі-өнеге болатынына назар аударды.

Мемлекет басшысының айтуынша, геосаяси тұрақсыздық белең алған қазіргі жағдайда мықты әрі дайындығы сакадай сай әскердің маңызы айтарлықтай арта түсті.

– Біздің әскери қызметшілеріміз БҰҰ аясындағы түрлі бітімгерлік операцияларға қатысып, өздерінің кәсібилігі мен жоғары деңгейдегі жауынгерлік машығын көрсетіп келеді. Жуырда Қазақстан Голан жоталарындағы миссиясын дербес орындау жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының мандатына алғаш рет ие болды. Соңғы жылдары әлем елдерінің әскери қуаты туралы рейтингтегі орнымыз едәуір жақсарды. Бұл әскеріміздің дайындығы жоғары екенін әрі үйлесімді әрекет ететінін білдіреді. Қазақстан жер-жаһанға өзін бейбіт ел ретінде танытты. Біз барлық мемлекетпен достық қатынас орнаттық. Кез келген шиеленісті сындарлы диалог арқылы шешу керек деп есептейміз. Бірақ арқаны кенге салып, қамсыз отыруға болмайды. Қуатты әскеріміз түрлі қатерге сакадай сай тұруға тиіс. Мықты әскер – елдіктің тірегі, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның айбынды армиясы кәсіби тұрғыдан білікті әрі заманға сай озық болуы үшін Қарулы Күштерімізді одан әрі нығайту жұмыстары жалғасатынын жеткізді.

– Күні кеше ғана елімізде жана авиация базасы ашылды. Бұл – ұлттық қорғаныс жүйесінің әлеуеті арта түсті деген сөз. Біз армияның беделін көтеруге айрықша мән береміз. Отан қорғау – баршамамызға ортақ парыз. Мұны, әсіресе, өскелең ұрпақ терең түсінгені абзал. Мемлекет жас сарбаздарға жан-жақты қолдау көрсетіп жатыр. Оларға арнайы білім гранттары бөліне бастады. Несіені өтеу мерзімі кейінге шегерілді. Енді ар-



мияда жүріп, нақты мамандық алуға болады. «Ер жігітке жарасар, қолындағы найзасы» деп әйгілі Бұқар жырау батырлық пен ерлікті ерекше дәріптеген. Шын мәнінде, әскер – мемлекеттің аса маңызды символы. Мен сарбаздарымыздың жауынгерлік рухы жоғары болғанын мақтан етемін, – деді Мемлекет басшысы.

Салтанатты жиында Қасым-Жомарт Тоқаев Отан қорғаушылардың еліміздегі ынтымақ пен тыныштықты сақтауға зор үлес қосып келе жатқанын атап өтіп, офицерлерге әскери және арнаулы атақтар, сыныптық шендер тапсырды.

Мемлекет басшысының Жарлығымен әскери және арнаулы атақ, сыныптық шен алған офицерлердің тізімін мына сілтеме арқылы көруге болады.

Бұдан бөлек, Президент әскери және қызметтік борышын атқаруда көрсеткен ерлігі мен жанқиярлығы, елдің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге, заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайтуға қосқан үлесі үшін бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Отан қорғаушы күніне орай Президенттің қолынан мемлекеттік наградалар алған азаматтар тізімі:

#### І дәрежелі «Даңқ» орденімен

Қамалетдинов Султан Бүркітбайұлы – Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштер Бас штабының бастығы;

Дәуешов Халидулла Зиноллаұлы – Ақтөбе облысының прокуроры.

#### ІІ дәрежелі «Даңқ» орденімен

Раисов Ұлан Ермұханұлы – Қаржылық мониторинг агенттігі төрағасының бірінші орынбасары;

Далматов Канатай Жорабекұлы – Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің командирі;

Әбдіров Нұрғалым Мәжитұлы – Жамбыл облысының прокуроры.

#### Бауыржан Момышұлы атындағы

ІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Головин Олег Павлович – Петропавл қаласының полиция басқармасының инспекторы;

Танатаров Бауыржан Омарұлы – Мемлекеттік күзет қызметінің Айрықша мақсаттағы күштері Штаб бастығының орынбасары;

Досқенов Амангелді Серікұлы – Ақмола облысының Ерейментау ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің бастығы;

Сак Ұлықбек Мұратұлы – Қорғаныс министрлігінің әскери бөлімі командирінің бірінші орынбасары;

Ғалымов Жандос Жанатұлы – Ұлттық қауіпсіздік комитетінің аға жедел уәкілі;

Насихан Роман Серікұлы – Атырау облысының Құрманғазы ауданы полиция бөлімінің инспекторы;

Оразов Дінмұхамед Ғабитұлы – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Түркістан об-



лысы бойынша департаментінің аға жедел уәкілі;

Омаров Диас Кәкімұлы – Жетісу облысының Талдықорған қаласы полиция басқармасының инспекторы.

#### Рақымжан Қошқарбаев атындағы

ІІІ дәрежелі «Айбын» орденімен Тәжіғұлов Нұрболат Тастемірұлы – Ақтөбе облысының Төтенше жағдайлар департаменті өрт сөндіру бөлімінің бөлімше командирі.

#### «Құрмет» орденімен

Кубекова Аина Жадырақызы – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің департамент басшысы.

#### «Ерлігі үшін» медалімен

Топалов Әміржан Мерекеұлы – Қостанай облысының Қарабалық ауданы полиция бөлімінің жедел уәкілі;

Құсман Әділ Думанұлы – Абай облысының полиция департаменті Жылдам қимылдайтын арнайы жасағының инспекторы.

#### «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен

Өтеуер Ерлан Өтеуұлы – Бас прокуратура Қызмет бастығының орынбасары;

Стрелков Федор Николаевич – Әуе қорғанысы күштерінің әскери институты бастығының орынбасары;

Илияс Серік Аманкелдіұлы – Мемлекеттік күзет қызметінің басқарма бастығының орынбасары;

Ақарбеков Мейірхан Сапарханұлы – Қорғаныс министрлігі әскери бөлімінің рота командирі;

Өтеуер Сәкен Сексембайұлы – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Ақтөбе облысы

бойынша департаментінің аға жедел уәкілі;

Ирубаев Ренат Маратұлы – Мемлекеттік күзет қызметінің аға офицері;

Мұратбеков Дулат Тілемісұлы – Қаржылық мониторинг агенттігі Қостанай облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің жедел уәкілі;

Серіков Әділет Алмасбекұлы – Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің аға жедел уәкілі;

Әбдікәрімов Тілек Думанұлы – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің аса маңызды істер жөніндегі тергешісі наградалды.



## ӨНІРЛЕРДІ ДАМУЫ МАҢЫЗДЫ

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаев және бір топ сенатордың қатысуымен палатаның Жобалық кеңсесі, Maqsut Narikbayev University және Ақмола облысының әкімдігінің бірлескен іс-қимылы аясында БҰҰ-ның Орнықты даму мақсаттары жөніндегі акселератор өз жұмысын бастады.

Палата Спикері өз сөзінде Мемлекет басшысы орнықты даму мәселелеріне үнемі баса мән беретінін атап өтті. Бүгінде осы саладағы оң өзгерістерді көздейтін жүйелі шаралар жүзеге асырылып, жана жобалар әзірленіп жатыр. Соның барысында ОДМ-ға қол жеткізу бағытындағы бірлескен іс-қимылдың тиімді тетіктерінің бірі ретінде акселератор өз жұмысын бастап отыр. Оның аясында жеті жобалық-зерттеу тобы 100 күн бойы сенатор-кураторлармен бірге «Мықты денсаулық және игілік», «Сапалы білім», «Лайықты еңбек және экономикалық өсу», «Орнықты қалалар мен елді мекендер» және «Бейбітшілік, әділдік және тәртіп» сияқты орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолында жұмыс істейді. Топтардың жұмысының нәтижесі Ақмола облысында пилоттық жобалар ретінде іске асырылатынын атап өткен жөн.

Мәулен Әшімбаев атап өткендей, сарапшылар командасы осындай форматта жұмыс істей отырып, заңнаманы жетілдіру үшін әлеуеті жоғары салалар мен Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу жолындағы кедерлерді анықтай алады.

«Президентіміздің тапсырмасы бойынша Парламентте Орнықты даму саласындағы ұлттық мақсат-міндеттердің іске асырылуына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрылды. Өнірлермен бірлескен іс-әрекеттің нәтижесінде акселератор өз жұмысын бастап отыр. Ол орнықты даму мақсаттарын жүзеге асыру аясындағы жүйелі жұмысты жалғастырып, тиімді шешімдер әзірлеудің маңызды тетігі болады деп сенеміз. Алдағы уақытта біз командалардан маңызды мәселелерді шешуге арналған заң жобалары бойынша тың бастамалар, сондай-ақ Орнықты даму мақсаттарына қол жеткізу және өнірлерді дамыту жөнінде нақты ұсыныстар күтеміз», – деп Мәулен Әшімбаев осы бағытта бірлесіп белсенді жұмыс істеп келе жатқан сарапшыларға алғыс білдірді.

Айта кетейік, акселератор командаларының құрамына Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері, Талдау мектебінің түлектері, Maqsut Narikbayev University-дің ғалымдары және шақырылған сарапшылар енді.

## МЕКТЕПКЕ ҚОШҚАРБАЕВ ЕСІМІ БЕРІЛДІ

Астанада Отан қорғаушылар күні мен жеңістің 79 жылдық мерекесіне орай №44 орта мектебіне халық батыры, қаһарман Рақымжан Қошқарбаевтың есімін беру және ескерткішінің салтанатты ашылу рәсімі болды.



#### Тілекгүл ЕСДӘУЛЕТ

Салтанатты рәсімде мектеп директоры Ляззат Құлтаева қонақтар мен ұстаздарды, оқушыларды құттықтап, мерекелік жиынның шымылдығын ашты.

– Армысыздар, аса құрметті ардагерлер, қонақтар, ұстаздар, және оқушылар! Отан қорғаушылар күні мен жеңістің 79 жылдық мерекесіне орай және мектебімізге халық батыры Рақымжан Қошқарбаевтың есімін беру, ескерткіш тартаның ашылу рәсіміне қош келдіңіздер. Мектебіміздің Берлиндегі Рейхстагқа алғаш болып жеңіс туын тіккен казак халқының батыр ұлының есімімен аталуы біз үшін зор мақтаныш. Бүгінде Рақымжан Қошқарбаев атамның ерлік, батырлық өнегесі ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілік рухта тәрбиелеудің озық үлгісіне айналып отыр. Барлықтарыңызға қуаныш құтты болсын! – деді Ляззат Құлтаева.

Өскелең ұрпақты патриоттық рухта тәрбиелеп, Отанға деген сүйіспеншілікті және ерлік пен ерлік қасиетті сіндіруде мектептің казактың батыр ұлдарының есімімен аталуының мәні мен маңызы зор. Осы орайда №44 орта мектебінің ардақты ұстазы, Отан алдындағы борышын адал атқарған Ауған соғысының ардагері Бақытбек Терсебаевтың мектепке Рақымжан Қошқарбаевтың есімінің берілуіне қосқан үлесі зор. Ол батыр туралы тарихи естеліктер мен мұраларды жинақтап, батырға арналған кабинеттің ашылуына көп еңбек сіңірді. Ардагер ұстаз да қонақтар мен ұстаздарды, оқушыларды мерекелеп құттықтады.

– Мектебімізге Рақымжан Қошқарбаевтың есімін берілуіне қатты қуандым. Халқымыздың ел қорғаған ерлері мен батырларының қаһармандығы балаларымызға, ұрпағымызға мұра болып, мәңгі жасай берсін. Мерекелеріңіз құтты болсын, – деді Бақытбек Терсебаев.

Ал Астана қаласы Білім объектілерінің тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және абаттандыру бөлімінің басшысы Мәдина Сүлейменова жиналған көпшілікті мерекелеп құттықтап, Рақымжан Қошқарбаевтың өмірі мен ерлігі туралы айтып берді.

– Мерекеле құтты болсын! Рақымжан атамның атымен аталған мектепте оқитын барлық оқушыға, жас буынға елін-жерін қорғаған батырларымыздай ер-жүрек болып өскендер деп тілеймін, – деді ол.

Мерекелік кеш мектеп өнерпаздарының орындауындағы халқымыздың асқақ рухты батырлық-ерлік туралы ән-күймен өрнектеліп, мың бұралған биімен көмкерілді. Мектеп оқушылары дайындаған сахналық көрініс батырдың өмірі мен соғыс жылдарындағы майдан даласынан сыр шертті. Мерекелік іс-шарада ак тілектер ақтарылып, құттықтаулар толастамады.



# «AMANAT»: ИНКЛЮЗИВТІ СПОРТ САЙЫСЫ ӨТТІ

Астанада «AMANAT» партиясының «Кедергісіз келешек» жобасы аясында балаларға арналған инклюзивті спорт фестивалі өтті.

Іс-шара «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қоры мен Қазақстан халқы Ассамблеясының бастамасымен ұйымдастырылды. Жарысқа 150-ге жуық оқушы, оның ішінде ерекше қажеттіліктері бар 50-ге тарта бала қатысты.

«AMANAT» партиясының атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек атап өткендей, бала құқықтарын қорғау шаралары, сондай-ақ өскелең ұрпақ үшін кедергісіз орта құру – партияның сайлауалды бағдарламасы мен «Кедергісіз келешек» жобасындағы басым бағыттардың бірі болып саналады.

«Қазір инклюзивті ортадағы өз азаматтарымызға, балаларымызға деген қоғамның көзқарасы түбегейлі өзгерді деуге болады. Президенттің тікелей тапсырмасымен осы бағытта жүйелі жұмыстар қолға алынып жатқанын да жақсы білесіңдер. «AMANAT» партиясы да Мемлекет басшысы реформалары-

ның қоғамдық тірегі болып, бұл бағытта ауқымды жұмыс атқаруда. Мәселен, партиямыздың сайлауалды бағдарламасы аясында 2028 жылға дейін әрбір елді мекенде инклюзияны қолдаудың кемінде бір кабинетін ашу көзделген», – деп атап өтті атқарушы хатшы.

Мәселен, қазір республика бойынша мектептерде 1 389 инклюзия кабинеті және партияның көмегімен ашылған 324 бейімдеу спорт секциясы жұмыс

істейді. Сонымен қатар жыл басынан бері «AMANAT» партиясы мүгедектігі бар 630 азаматқа тұрақты жұмыс табуға көмектесті.

Өз кезегінде фестивальді ұйымдастырушы «Тең мүмкіндіктер әлемі» қоғамдық қорының басшысы Нұргүл Үлжекова мұндай фестивальдер ерекше қажеттіліктері бар балаларды қоғамға бейімдеуге және олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.



«Инклюзия – қоғам қабылдауға тиіс өмір шындығы. Балабақша қабырғасынан бастап балаларды ерекше қажеттілігі бар адамдарға құрметпен қаруға тәрбиелеу керек. Бұған дұрыс ақпарат беру, ашық сабақтар мен спорттық іс-шаралар өткізу арқылы қол жеткізе аламыз. Жалпы, спорт – бұл тәуелсіз тұлға тәрбиелеудің және алға қойған арман-мақсатқа ұмтылуға ынталандырудың ең тиімді әдісі», – деді ол.

Фестиваль барысында жас спортшылар жеңіл атлетика, бочча және эстафета сынды спорт түрлері бойынша сынға түсті. Ал 6-сынып оқушысы Санжар Серік жана дос тапты. «Мен спортпен шұғылдануға, таза ауада көбірек жүруге тыры-

самын. Бүгін алғаш рет бочча ойнадым. Маған өте ұнады. Енді бұл ойынды жиі ойнап тұрамын деген ойдамын», – деді ол.

Сондай-ақ іс-шараға Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Наталья Деметьева, «AMANAT» партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Мұхаммед Болысбек, Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Маржангүл Қайрабаева және тағы басқалар қатысты.

Айта кетейік, ерекше қажеттілігі бар адамдарды қолдау – «AMANAT» партиясы атқаратын жұмыстағы тұрақты басымдықтың бірі. Мәселен, партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын жүзеге

асыру жұмысы аясында былтыр медициналық мекемелердің электрондық құжаттары негізінде мүгедектікті белгілеу процесі заңнамалық түрде бекітілді; 5 мыңға жуық әлеуметтік нысан бейімделді; дамуында кемістігі және оның туындау қаупі бар жас балалар үшін 8 ерте араласу орталығы ашылды; сондай-ақ мектептерде инклюзияны қолдаудың 63 кабинеті ашылды. Бұған қоса, биыл 1 қантардан бастап, 1 топтағы мүгедектігі бар адамдарға арналған жәрдемақы мөлшері 89 248 теңгеден 95 496 теңгеге дейін, II топтағы жәрдемақы мөлшері 71 398 теңгеден 76 397 теңгеге дейін, III топтағы жәрдемақы мөлшері 48 681 теңгеден 52 089 теңгеге дейін ұлғайтылды.

## АСТАНА – ТАЗАЛЫҚ пен ТӘРТІПТІҢ ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру тапсырмасына сәйкес елімізде «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасып жатыр.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Бір айдан астам уақытқа жоспарланған акция «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір Бұлақ» секілді апталықтар аясында азаматтар қала көшелері мен аулаларды, ауылдарды қоқыстан тазартып, абаттандыру және көшет отырғызу жұмыстарына жұдырықтай жұмылды.

Ал Астанада «Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» тақырыбында ауқымды экологиялық акция өтіп жатыр. Экоакция аясындағы «Өнегелі ұрпақ» аталған апталыққа қатысқан қалалық мәслихат депутаттары Байқоңыр ауданының өмірлік жағдайы қиын балаларды қолдау орталығының аумағында санитарлық тазарту жұмыстарын жүргізді. VII және VIII сайланған мәслихат депутаты Динара Оразалина бірнеше жыл бойы Орталықтың барлық іс-шарасына қатысып, балаларды қуантуға үнемі атсалысып жүргенін айтты.

«Біз сенбіліктерге ғана емес, жана жыл және басқа да мерекелердің барлығына қатысамыз. Маған балаларға келу, оларға көмектесу ұнайды. Балалардың бәрі жақсы күтімді және көңілді, өйткені оларға орталық қызметкерлерінің қолдауы зор. Демалыс күндері оларды тамақ пісіруге үйретеді. Мамандығым дәрігер. Өзім үш баланың анасымын, бірақ мұнда қайта-қайта келуден шаршамаймын. Өйткені балалардың қуанышты жүздерін көру мен үшін ғанибет», – дейді депутат.

Орталық директорының міндетін атқарушы Аягөз Нәбиеванайтуынша, арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталығына негізінен жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар түседі. Зорлық-зомбылық көрген балалар және девантты мінез-құлқы бар балалар да келеді.

«Бүгінде орталықта 70 адам тіркелген, оның 44-і тұрақты және 36-сы уақытша тұратындар. Мұнда ата-ана құқығынан айырылған отбасының балалар және заңды өкілдері жоқ адамдар тұрады. Бүгінгі сенбілікке біз қонақтарды – қалалық мәслихат өкілдерін шақырдық. Өйткені олардың балаларымызбен бірге жасыл желектерді (кияр мен қызанақ көшеттерін) отырғызуға және аумағымызды жинауға қатысқанын қалаймыз. Қалалық мәслихатпен бірлескен жұмыс тұрақты негізде жүріліп жатқанын атап өткім келеді», – деді Аягөз Нәбиева.

«Таза Қазақстан. Астана – тазалық пен тәртіптің үлгісі» экологиялық ак-



циясының «Өнегелі ұрпақ» апталығына елордалық Денешынықтыру және спорт басқармасына қарасты №2 және №5 мамандандырылған олимпиадалық резервтегі балалар-жасөспірімдер спорт мектебі мен Олимпиадалық резерв дайындау орталығының қызметкерлері де қатысты.

«Өнегелі ұрпақ» экологиялық апталығы ардагерлер мен қарттар үйлерінің аулаларын, аумақтарын тазалау және абаттандыруға арналғандықтан, мекеме қызметкерлері мен бірқатар спортшы ардагерлердің ауласын тазалап, шөптерін орып, ауланың қоқыстарын шығарды. Сонымен қатар қалалық Спорт басқармасына бағынысты мекемелердің қызметкерлері ерікті түрде қиын өмірлік жағдайдағы балаларды қолдау орталығының аумағын, қала тұрғыны бірінші топтағы мүгедектігі бар Берен Өтебаеваның ауласын, Пригородный тұрғын алабында орналасқан зейнеткердің бақшасын, бірнеше көпбалалы отбасының аулаларын қоқыстан тазарту мен абаттандыру жұмыстарына көмек көрсетті. Апталық аясында қаланы санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүріліп жатыр.

Аталған апталыққа Астана қаласының Денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит және елімізге танымал кәсіпқой боксшы, Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов, ауыр атлетикадан әлем чемпионы Едіге Емберді сынды танымал спортшылар да күрек-қайла ұстап, қаланы абаттандыруға атсалысты.

Олар қала маңындағы «Светоч» балалар үйінің жанындағы орта мектепте сенбілік ұйымдастырды. Алдымен аула ішіндегі қоқыстарды тазалап, есік алдын сыпырып, өсіп кеткен шөптерді шауып, гүлдердің түбін қосытты.

— «Таза Қазақстан» ауқымды экологиялық акцияның 4-аптасы «Өнегелі ұрпақ» ұранымен өтуде. Елорда бойынша

белсенді қала тұрғындары ардагерлердің, балалар мен қарттар үйлерінің аулаларын тазалап, абаттандыруда. Айтулы экологиялық акцияға біз де өз үлесімізді қосуға тырысып жатырмыз. Әріптестеріммен ақылдаса келе Астана маңында орналасқан «Светоч» балалар үйіне келдік. Бұл балалар үйінде қазір 19 бала тәрбиеленіп жатыр, – деді Астана қаласының Денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Василий Левит.

Атап айттар болсақ, «Светоч» балалар үйі жанындағы орта мектеп өз жұмысын 1999 жылы қарашада Лилия Вениаминова Соловьеваның үш бөлмелі пәтерінде бастаған болатын. Бүгінде балалар үйінің тәрбиеленушілері аудандық Олимпиадаларға, конкурстар мен жарыстарға белсенді қатысып, құрметті орындарға ие болып жүр.

«Менің ойымша, бұл науқан жақынына көмектесу мен оларды қолдаудың тамаша үлгісі. Біз қарияларға, қиын жағдайға тап болған балаларға көмектесу, мереке ұйымдастыру олар үшін ғана емес, өзіміз үшін де маңызды. Мұндай іс-шаралар адамдарды жақындастырады, жүрегімізге жылулық ұя салады. Біз осындай азғантай ғана жұмысымыз арқылы олардың көңілін көтердік деген үміттеміз. Балалардың көзіндегі қуаныш біз үшін ең жақсы алғыс болды», – дейді Рио Олимпиадасының чемпионы Данияр Елеусінов.

Астана тұрғындарын түгелге дерлік қамтыған экологиялық акцияға отандастарымыздан бөлек, әлемнің атакты спорт жұлдыздары, аты аңызға айналған футболшылар Коло Туре мен Фадига Халилу да қатысты.

Елімізге футболдан жас өрендерді іріктеу мақсатында Super bol жобасына арнайы келген Коло Туре мен Фадига Халилу елордадағы Қазақстан футбол федерациясы аумағына көшет отырғызды.

«Қазақстанға футбол жобасына арнайы қонақ ретінде бірінші рет келдім. Тек жасыл алаңда ғана емес, қаланың экологиясын сақтау мақсатында ұйым-

дастырылған акцияға қатысқаным өте қуаныштымын. Бұған дейін де көптеген қалада болдым. Ал Астананың өзіндік әдемілігі бар. Тазалығы жолға қойылғанын көрініп тұр. Бастысы мені сыйлап, шақырғандарыңызға қуаныштымын!» – деді «Арсенал», «Манчестер Сити», «Ливерпуль» сапында доп тепкен футболшы Коло Туре.

Астананы жасыл желекпен көмкерілген, әсем қалаға айналдыру мақсатында биыл барлығы 1,1 миллион көшет отырғызу жоспарланған болса, соңғы үш аптада 74 мыңнан астам көшет отырғызылған. Ағаш ету жұмыстарына белсене жұмылған елордалық жастар ұйымдары экологиялық акция аясында «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының аумағында ағаш отырғызды. Аталған мекеменің жұмысшылары мен Алматы ауданы әкімдігінің қызметкерлері, «Жас сарбаз» қозғалысы-

«Өнегелі ұрпақ» экоаптасы аясында біз 4 мектептің аумағында, сондай-ақ «Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығында ағаш отырғызу іс-шарасын өткіздік. Алда басқа мектептердің аумағында алма ағаштары мен қарапайым көшеттер отырғызуды жоспарлап отырмыз», – деді Әлібек Жүсіпов.

Алма ағашын отырғызуға «Жас сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушілері мен «Бақытты Шанырақ» қоғамдық қорының жастары да өз үлестерін қосты.

«Біз «Таза Қазақстан» экоакциясына, атап айтқанда ағаш отырғызуға қатыстық. Акцияның маңызды екенін атап өткім келеді және төрт апта бойы біз қаланы тазалауға қатыстық. Акция жастарды дұрыс іс-әрекетке бағыттайды», – деді «Бақытты Шанырақ» қоғамдық қорының басшысы Ботагөз Сұлтанова.



ның тәрбиеленушілері, жастар ұйымдарының өкілдері, қоғам қайраткерлері және еріктілер Орталық аумағына 40-қа жуық алма ағашын отырғызды.

«Нұрлы жүрек» әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Нұрбол Зұлкарнаев әрбір азамат қаланың дамуына үлес қосуға міндетті екенін атап өтті. «Біздің орталықта 271 бала арнайы әлеуметтік қызметтер алады. Болашақта бұл балалардың өз алма бағы болады деп үміттенеміз. Біз әр бейсенбіде қосымша экоакция өткізіп, аумақты тазалаймыз. Әрқайсымызда азаматтық сана болуы керек. Тазалықты сақтап, қаланы ретке келтіруіміз қажет», – дейді Нұрбол Зұлкарнаев.

Астана қаласы әкімдігінің Жастар саясаты мәселелері басқармасының ресми өкілі Әлібек Жүсіповтайтуынша, ең алдымен, іс-шараға қатысушылар ауланың ішіндегі қоқыстарды тазалап, аумақты сыпырып, ағаш отырғызу үшін қажетті құралдарды дайындады.

Ал «Жас сарбаз» қозғалысының тәрбиеленушісі Альбина Қайроллаева: «Біз балалармен бірге «Таза Қазақстан» бастамасын қолдау үшін қатысамыз. Менің ойымша, қаланы тазалау арқылы біз денсаулығымызды жақсартамыз. Сондықтан әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарының аумағында сенбіліктер ұйымдастыру аса маңызды», – дейді.

Қаланың түрлі мекемелері мен ұйымдарының, жастардың жұдырықтай жұмылуымен кен ауқымды экоакция аясында аумақтарды санитарлық тазарту, нөсер және арық кәріз желілері, көшелерді, тротуарларды, кварталшілік аумақтарды, қоғамдық кеңістіктер мен аулаларды тазалау жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ жасыл желектерді күтіп-баптау және отырғызу, сауда нысандарына іргелес аумақтарды жинау, көгалдар мен гүлзарларды орнату, рұқсат етілмеген полигондарды жою және тағы да басқа экологиялық бағыттағы жұмыстар жоспарлы түрде жүзеге асып жатыр.



Әдетте Қарулы Күштерді тек жарақтанып келген жауға қарсы қоятын күш деп бағалайтынмыз бар. Бірақ биыл тура мағынасында «ерлер етігімен су көшкен» жыл болып тұр. 7 мамыр – Отан қорғаушы күні қарсаңында да талай сарбаз бен офицер көктемгі тасқынның зардабын жою жұмыстарында жүр. Бейбіт күнде де, майданда да қалың елдің тірегі, сенері болатын армияның жетістігі де, шешілуге тиіс мәселелері де аз емес. Қазақ армиясы заман талабына сай жабдықталып та жатыр, алға қойған биік мақсаттарымыз да бар. Дегенмен көкейдегі сауалдарға кәсіби офицерлердің жауап бергені дұрыс. Осы жайтты ескеріп, Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қарулы Күштер Бас штабының бастығы, генерал-лейтенант Сұлтан Қамалетдиновке бірер сұрағымызды қойып, сұхбаттасқан әдік.



**Сұлтан ҚАМАЛЕТДИНОВ,**  
*Қарулы Күштер Бас штабының бастығы:*

# Патриотизм – ең алдымен Отанға деген сүйіспеншілік

далар бөлінді (Тараз қаласы Гвардейск гарнизоны, Ақтобе қаласының әскери госпитальдері). Су тасқынына қарсы іс-шаралар басталғаннан бері 404 адам медициналық көмекке жүгінді. Медициналық бригадалар дәрілік заттармен және медициналық құралдармен толық қамтамасыз етілген.

Қазақстан Қарулы күштері санитариялық-эпидемиологиялық орталығының мамандары су тасқынына қарсы іс-шараларға тартылған жеке құрамды орналастыруды, тамақтандыруды, сумен жабдықтауды және монша-кір жуу қызметін бақылау жөніндегі жұмысты ұйымдастырды. Жергілікті денсаулық сақтау органдарымен өзара іс-қимыл ұйымдастырылды.

Төтенше жағдай кезінде аумақтық қорғаныс күштерінің де жұмылдырылғанын білеміз. Аумақтық қорғаныс жүйесін жетілдіруге бағытталған заңнаманы жетілдіру жоспары да бар. Бастама қандай деңгейде? – Үкімет қаулысымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылға арналған заң жобалау жұмыстарының жоспарына «Қазақстан Республикасының аумақтық қорғанысы туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аумақтық қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобаларын әзірлеу үшін толықтырулар енгізілді. Аталған заң жобалары тиісті тәртіпте Президент Әкімшілігімен, Үкімет Аппаратымен және мүдделі мемлекеттік органдармен келісілді. 2023 жылғы 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен заң жобалары Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілді.

Биылғы жылдың ақпан айында аталған заң жобалары Парламент Әкімшілісінің комитеттерінде қаралды. Қазіргі уақытта заң жобасын қарау жөніндегі Мәжілістін жұмыс тобы жұмыс тобын жалғастыруда. Биылғы жылдың 18 наурызынан бастап жұмыс тобы 11 отырыс өткізді.

Қазақстан сарбаздары алғаш рет БҰҰ бітімгерлік күштері аясында жеке мандатпен Голан жоталарына аттанды. Ондағы күштеріміз қалай қызмет етіп жатыр?



БҰҰ-ның шақыруына сәйкес, биылғы наурыз айында Қазақстанның алғашқы дербес ұлттық бітімгерлік контингенті өзінің әскери техникасымен, қару-жарағымен және мүлкімен резерв ротасы ретінде «БҰҰ-ның Голан биіктіктеріндегі бөлінуіне қадағалау жөніндегі күштері» миссиясына кіріскені белгілі. Контингент құрамындағы 139 әскери қызметшінің арасында 7 әйел миссияға қатысады. Оның ішінде 2 атқыш-санитар, 1 мерген, 2 аспаз және 2 медицина қызметкері бар. Қазір қазақстандық бітімгерлер Голан жоталарындағы дербес миссияны орындауға кірісті.

Голан биіктіктерінде «Біріккен Ұлттар Ұйымының бөлінуді бақылау күштері» миссиясының құрамында қызмет ететін ұлттық бітімгерлік контингенті БҰҰ миссиясының мандатына сәйкес қарсылаз тараптар арасында атысты тоқтату режимін сақтау міндеттерін орындайды. Миссия қолбасшысының резервтік ротасы бола отырып, контингент миссияның жауапкершілік аймағында патрульдеу, жол тосқауылдарын күзету және күшейту, жарылғыш



заттарды минадан тазарту міндеттерді орындайтын болады.

Қазір бітімгерлік ротаның жеке құрамы миссия штабы орналасқан Фауар базасында орналасқан. Қазақстандық бітімгерлер қойылған міндеттерді тиімді орындау үшін барлық қажетті нәрселермен қамтамасыз етіледі.

Президент, Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, арнаулы операциялар күштері жасақталғанын білеміз. Олардың жарқандырылуы мен дайындығы қандай деңгейде? Мүндай құрылымдардың Қарулы Күштердегі үлесі қобей ме?

Арнайы операциялар күштері елдің қорғаныс қабілеті мен әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында, оның ішінде антитеррорлық операцияларға және заңсыз қаруланған құрылымдарға қарсы іс-қимыл жасауға қатысу арқылы арнайы міндеттерді шешуге арналған. Арнайы жасақ бөлімдерін жан-жақты дамыту ісі тың қарқынмен жалғасуда.

Соңғы үш жылда армиядан 17 мың қызметші кеткенін айтқаныңыз бар еді. Олардың арасында 4 мыңнан астам офицер бар деседі. Білікті кадрлардың әскери қызметтен кетуін азайту бағытында не істеліп жатыр?

2020-2023 жылдар аралығында Қарулы Күштерден 17 065 әскери қызметші (4 301 офицер және келісімшарт бойынша 12 764 әскери қызметші) босатылды. Алайда осы кезеңде Қарулы Күштер қатары 14 311 (4 414 офицер және 9 897 келісімшарт бойынша әскери қызметші) әскери қызметшімен толықты. Әскери қызметшілерді запасқа шығару және армияның әскери қызметшілермен қамтамасыз ету табиғи процесс саналады. Жұмыстан шығарудың негізгі себептері ретінде шекті жасқа жету, келісімшарттың аяқталуы, денсаулық жағдайы, ұйымдық-штаттық іс-шаралар бойынша зейнетке шығу және басқаларды айтуға болады.

Әйтсе де, Қорғаныс министрілігі басшылығының қабылдаған шаралары 2023 жылғы 400-ге жуық адамды жұмыстан шығару мен әскери қызметке қабылдау арасында оң балаңсақол жеткізуге мүмкіндік берді. Жалпы, соңғы 10 жылда Қарулы Күштердің әс-

өскен, балалық шағын өткен туған жерінің алдындағы азаматтық борышын мен перзенттік парызын. Патриотизмге «құрмет» сөзінің синонимі деп қарауға болады. Бұл дегеніміз – өзінің туған халқын, ана тілін, салт-дәстүрін, елінің азаматтарын құрметтей білу. Патриотты бар ел – берекелі ел.

Патриотизм – Отаныңның жетістіктері мен мәдениетіне марқайып, оның ұлттық ерекшеліктерін сақтауға, туған жерің мен өз халқыңның мүдделерін қорғауға ұмтылу.



Патриотизм – сүйіспеншілік және Отан деген екі ұғымнан тұрады. Әйтсе де, әр адамның Отанға деген сүйіспеншілігі, Отан туралы түсінігі әркімі. Сол себепті бүгінде әртүрлі типтегі және даму деңгейіндегі патриоттарды анықтауда таңғаларлық ештеңе жоқ. Отанды өзі үшін сүйетіндер де, Отан үшін өзін құрбан ететіндер де бар. Алайда отбасынды, бала-шағанды, достарыңды, жақындарыңды сүймей, Отанды сүю мүмкін емес. Сол себепті патриотизм тақырыбы пікірталасқа толы.

Бұл тақырып – Қорғаныс министрілігі қызметінің басты бағыттарының бірі. Патриотизм, Отанға деген сүйіспеншілік әскери мәселелермен ғана шектелмейді. Жоғарыда айтқанымыздай, бейбіт уақытта бұл – адамның өз Отанын гүлдендіруге, білім алуға, жұмыс істеуге, өз елінің дамуына қосқан үлесі. Сол себепті бұл тек армияның ғана емес, бүкіл қазақстандық қоғамның ісі және бұл жұмысты балабақшадан, мектеп қабырғасынан бастап жүргізу қажет.

Бұл жерде ел Президентінің: «Мемлекет тұтастығын сақтаудың бірден-бір кепілі – патриоттық сезім. Отанға деген сүйіспеншіліктен, Отанға құрмет етуден артық құнды ұғым жоқ. Патриот болу – алған шығып ұрандату емес, қажырлы еңбек ету» деген сөзін есімізінде шығармауымыз керек.

КСРО кезінде әскери білімде «Гвардиялық» немесе «бәлен орден иегері» дегендей атақ беру арқылы данқын асыруға тырысқан идеология болушы еді. Мұндай амалдар қазіргі заманда қажет пе?

Қазақстан Қарулы Күштерінде казак батырларының, Кенес Одағы Батырларының, Халық қаһармандарының және басқа атақты адамдардың құрметіне әскери бөлімдер мен мекемелерге құрметті атаулар беру тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Өз кезегінде, бұл ел азаматтарын әскери-патриоттыққа тәрбиелеу жүйесінің маңызды элементі болып табылады.

Әскери бөлімдер мен мекемелерге атау беру аса көрнекті қоғам қайраткерлерін, Кенес Одағының Батырларын, Халық қаһармандарын және Қазақстан Республикасы мен әлемдік қоғамдастық алдында еңбегі бар басқа да адамдарды мәңгі есте қалдыру мақсатында, қайтыс болғаннан кейін, бірақ олар қайтыс болған күннен бастап бес жыл өткен соң мемлекеттік және қоғамдық ұйымдардың, әскери ұжымдардың және азаматтардың өтініштері бойынша жүргізілуі мүмкін. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде бірқатар әскери бөлім мен мекемеге танымал адамдардың есімдері берілді.

Бұдан бұрын, 2021-2022 жылдары Қорғаныс министрілігінің Тәрбие және идеологиялық жұмыстар департаменті тағы да бірнеше әскери бөлім мен мекемеге атау беру бойынша жұмыстар жүргізген болатын. Алайда тарихи тұлғалардың тізбесінде олардың есімдері болмауына байланысты оң шешім қабылданған жоқ.

2024 жылғы 24 қаңтарда Мәдениет және ақпарат министрілігінің Республикалық ономастикалық комиссия бекіткен Тарихи тұлғалар тізбесі алынды. Тізімдегі 697 тарихи есімінен ҚР ҚК әскери бөлімдері мен мекемелеріне атау үшін барынша үйлесетін 33 есім іріктеліп алынды.

Былтыр Қарулы Күштер сапынан бірқатар ескірген техникалар шығарылған еді. 117 ұшақ бөлшектегінін естігенде қоғамда алаңданымыз болғанын байқағанбыз. Әскери техникамыздың жаңғырту қандай деңгейде? Ел-жұрттың алаң көңілін қалай тыныштандырамыз?

Бұл ұшақтар өткен ғасырдың 70-80 жылдарында шығарылған. Әскери техника пайдалану ресурстарын белгіленген шегіне дейін Қарулы Күштерде пайдалануда болады. Кейін ол сақтауға шығарылады. Қорғаныс министрілігі ұшақтарды күрделі жөндеуден өткізуге және жаңғыртуға тиісті шаралар қабылдайды. Бірақ бұл іс-шаралар

дың қымбатқа түсіп, экономикалық тұрғыдан тиімді болмауына байланысты бұл мәселе күн тәртібінен алынып тасталды. Қолданыстағы заңнамаға және қару-жарақ пен әскери техниканы кәдеге жарату ережелеріне сәйкес, бұл ұшақтар пайдаланылмайтын әскери мүлік болып танылды. Олардың тізімі дайындалып, уәкілетті орган саналатын Өнеркәсіп және құрылыс министрілігіне берілді. Сонымен бірге 2023 жылғы 5 сәуірде пайдаланылмайтын мүлікті бөлу жөніндегі комиссияның отырысында «Қазақстан инжиниринг» «ҰК» АҚ-ның пайдаланылмайтын мүлкін (жоғарыда көрсетілген авиациялық техника) «Қазспецэкспорт» РМК уәкілетті ұйымы кәдеге жарату арқылы оны жою шартымен сатуға беру мәселесі мақұлданды. Бұл техникалар басқа елдерге сатылмайды.

Қарулы Күштерде пайдаланылмаған техниканы есептен шығарудан және кәдеге жаратудан бөлек, Әскери-әуе күштерін оқу-жауынгерлік міндеттерді орындауға мүмкіндік беретін заманауи тікұшақтармен, жауынгерлермен және әскери-көлік ұшақтарымен жоспарлы жаратандыру жүргізілуде.

Әскери ынтымақтастықта да көптектірілі бағыт ұстанатынымыз байқалады. Ресеймен де, Қытаймен де, АҚШ-пен де әскери салада біршама байланысымыз бар. Түрлі әскери доктринасы бар, сан қырлы әскери амал-айла мен техника қолданатын елдердің тәжірибесі

бізге не береді? Өзімізге тән, еліміздің ерекшеліктеріне сәйкес келетін тактика, оперативті амалдар ойлап табуға мүмкіндік бере ме?

Халықаралық ынтымақтастық аясында жұмыстардың бәрі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері даму басымдықтарына іске асыруға бағытталған. Бұл – желдел жас жауынгерлік дайлықты ұйымдастырудағы, әскерлер топтарын жоспарлау мен қолданудағы, әскерлерді басқарудағы озық тәжірибені зерделеу. Көпұлтты штабта жұмыс істеудің практикалық дағдыларын алу, дағдарыс жағдайларын шешуде басқа елдердің тәжірибесін пайдалану, бірлескен жоспарлау тәртібін, ұжымдық күштер құрамындағы біздің әскерлердің рөлі мен орнын нақтылау. Сонымен қатар өзге елдерге жағдайда жауынгерлік іс-қимылдарды жүргізу әдістері мен тәсілдерін Қазақстан Қарулы Күштерінде қолдану үшін талдау, жауынгерлік дайлық дағдыларын жетілдіру.

2024 жылы Халықаралық әскери ынтымақтастық мемлекеттің әскери қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ұлттық мүдделерін қорғау, сондай-ақ халықаралық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттермен өзара іс-қимылды нығайту үшін жағдайлар жасау мақсатында жалғастырылатын болады.

Әскери ғылым қалай дамып жатыр? Ғалым-офицерлеріміздің үлесі қандай?

2023 жылғы 5 мамырда өткен Бүкіларама кеңесте Қазақстан Республикасының Президенті – Қарулы Күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы әскери білім беру жүйесін одан әрі дамыту, сондай-ақ әскери оқу орындарын әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, оқу бағдарламаларын жетілдіру жөніндегі шаралар қабылдау туралы тапсырма берді. Осыған байланысты, Қорғаныс министрілігі Қарулы Күштердің әскери білімі мен ғылымын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын әзірледі.

Қорғаныс министрілігінде ғылыми-зерттеу және өнертапқыштық қызметпен Ұлттық қорғаныс университетінің, Құрмет әскерлері әскери институтының, Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтының, Әуе қорғаныс күштері әскери институтының және «Әскери-стратегиялық зерттеулер орталығы» АҚ-ның ғылыми қызметкерлері айналысады. Оның ішінде қазіргі уақытта 111 ғалым: 10 ғылым докторы, 53 философия докторы (PhD) және 48 ғылым кандидаты бар.

2018-2023 жылдар аралығында Қорғаныс министрілігі әскери оқу орындары гранттық қаржыландыру шеңберінде 19 ғылыми жобаны, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру бойынша 4 ғылыми бағдарламаны, конкурстық рәсімдерден тыс бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру аясында 1 ғылыми-техникалық бағдарламаны және консалтингтік қызметтер шеңберінде 1 ғылыми жобаны іске асырды. Ғылыми жобаларды іске асыру қорытындысы бойынша, әскери оқу орындары зияткерлік меншік құқығы туралы патенттер мен куәліктер иеленді.

Ұлттық қорғаныс университетінің технологиялық геопараттық өнімін жаңа түрлерінде прототиптерін тәжірибелік өндіру учаскесі (голографиялық және басқа негіздердегі қатпарлар, сондай-ақ рельефтің шифрлық матрицасы негізінде жергілікті жердің аналогтық 3D макеттері) орналастырылған. Онда робототехника және ұшықшысыз авиация саласында зерттеулермен айналысатын 2 зертхана жұмыс істейді. 2023-2024 жылдар ішінде оқу полигондарында «Шағала-М» ҰҰА демонстрациялық ұшулары, тәжірибелік-әскери сынақтары, ұшу аппаратының пайдалану және тактикалық-техникалық сипаттамаларын тексеру жүргізілді.

– Сұхбатыңызға рақмет!



Астанадағы Мемлекеттік әскери-тарихи музейде Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовке арналған экспозиция бар. Бұл алаңның төріне ардагердің Қорғаныс министрі болған уақыттағы кабинетінің көшірмесі қойылған. Шерулік әскери формасын киген армия генералының гиперреалистік мүсіні төрдегі жұмыс үстелінен көрмеге қойылған өзі тұрасындағы құнды жәдігерлерге һәм жүріп өткен өмір жолына көз тастап отырғандай. Ал бұл көмбе жыл сайын қуанышпен толығып жатыр. Биыл да кенде емес: Кеңес Одағының батыры Сағадат Қожахметұлының 100 жылдық мерейтойы және соның қарсаңындағы сүйінші жаңалық – «Айбын» орденінің I дәрежесіне тарихи тұлғамыздың есімі берілді.

Айдана НҰРМҰХАН

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында бар-жоғы жиырма жасында Кеңес Одағының батыры атанған, тәуелсіз еліміздің Халық қаһарманы әрі тұңғыш Қорғаныс министрі, «Армия генералы» деген жоғарғы әскери шенге ие болған Сағадат Нұрмағамбетов – ұлт мақтанышы, оның есімі қашанда ұлықтауға лайық, ал ерлікке толы ұлағатты өмір жолы өскелең ұрпаққа үлгі.

Сағадат Қожахметұлы 1924 жылы 25 мамырда Ақмола облысының Ақкөл ауданында (бұрынғы Алексеев ауданы) өмірге келген. 1942 жылы мектептен Қызыл Армия қатарына шақырылып, Түркіменстанның Қушқа қаласындағы әскери училищеге жіберілді. 1943 жылдың сәуір айында майданға аттанды. Осыдан кейінгі екі жыл бойы пулемет взводның, пулемет ротасының командирі, 5-екпінді армияның II дәрежелі Суворов орденді 301-Донецк атқыштар дивизиясының 1052-атқыштар полкі құрамында батальон командирі лауазымында жауға қарсы шайқасты.

1945 жылы 27 ақпанда Польша жерінде жау қорғанысын бұзып өту кезіндегі жауынгерлік тапсырманы ержүректілікпен орындап, көрсеткен ерлігі үшін оған Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. Осыдан соң майор Сағадат Нұрмағамбетовтің батальоны рейхсканцелярия ғимаратына жасалған шабуылға қатысып, қаһарман қазақ ұланы соғысты Берлинде аяқтады. Ол 1946-1949 жылдар аралығында Мәскеудегі М.Фрунзе атындағы Әскери академияны тәмамдап, Орта Азиядағы Түркістан әскери округіне полк басқаруға жіберілді. Содан соң әртүрлі штабтық, командалық лауазымдарда, оның ішінде Қазақ ССР Азаматтық қорғаныс штабының бастығы, Орта Азия әскери округі қолбасшысының орынбасары, Оңтүстік топ әскерлері қолбасшысының бірінші орынбасары (Венгрия) қызметін атқарды. КСРО Қарулы Күштері Бас штабының академиясындағы курстарда оқыды.

#### ЖАУЫНГЕР ЖОЛЫ ҒӘМ «БАТЫРЛАР ЖЫРЫ»

Сағадат атамыздың жарық дүниеге келуіне бір ай қалғанда әкесі Қожахмет дүние салады. Жеті жасында анасы Айса қайтыс болады. Тағдыр тауқыметін ерте жастан тартып өскен Халық қаһарманы ағасы Сағит пен жегесі Құлтайдың тәрбиесінде болады. Ол жеті жасына дейін шешесі Айсадан, кейін Әлжан есімді ауыл қариясынан қазақтың ауыз әдебиетінің жауһарларына қанығып өседі және ондағы батырлардың ерлігін қиын-қыстау кезеңдерде көңіліне медеу қылған.

Өз естелігінде атамыз: «Біздің Қосым ауылының қазақтары ескі олаң, жырды, ертегі, аңызды көп айтушы еді. Солардың аузынан мен алғашқыда өз анамнан естіген ертегі, аңыз, дастанды одан әрі де құлағымға құя бердім. «Мын бір тұн», «Тотының тоғыз тарауы» деп аталатын ертегілердің әлденешуін естідім. Ауылымызда Әлжан есімді қарт бар. Осы қарт тарланнан да бала күнімізде ел тарихының талай-талай әңгімелерін ұғандық. Арда өткен Қобыланды, Ер Тарғын, Ерсайын ғана емес, Әлжан қарттан ауыл балалары өзгедей, беріректегі батырлар жайын да көп тыңдадық. Осы маңдағы ел мен жерді жақ жерлік жаудан қорғаған Ерсары, Ерқосай, Баян есімді ерлердің өмірі мен ісін де бізге олаңмен жеткізген – Әлжан аға. Солардың қай-жайысы да жеңілмейді, жекпе-жек ұрыста жауынан үстем шығып отырады. Ал енді олардан кейінгі кезде шыққан батырлар Есетті, Сырымды, Ағбайды және басқаларын аласқ, бұлар жеті-сегіз жыл соғысқаннан кейін ылғи да жеңіліп қала береді, өздері де, әскерлері де қан жоса болып жатады. Оқиганын бұлай біткенін біз, балалар, жаратпай, іштей ызаға батып отырамыз.

– Бұлар неге жеңіле береді, анау Ерсары, Ер Баяндай неге болмаған? – деп сұраймыз. Әңгімеші ағамыз мұндай сұрақты күле отырып тыңдайды, содан кейін өзіне топышылап жауап береді.

– Е, қарактарын-ай, – дейді ол, – бұлардың кезінде мылтық, оқ шығып кетті ғой, құмалақтай қорғасынан батыр да, бала да өліп жатады. Ақ найзаның, қисық қылыштың заманы өтті, енді алыстан келген бір құмалақ құртайда да кетеді, «Батырдың өлімі – баладан» деген мәтел міне осы кезде шыққан. Мылтық пен оқ дәрі, өзгедей де алыстан атылатын қару-жарақ қай жақта көп болса, өктемдік енді сол жақта.

Мен ішімнен: «Шіркін-ай, сондай мылтық пен оқ-дәрі менің қолымда болса ғой!..» деген арманға берілемін. Жалпы, «винтовка», «пулемет», «зенбірек» деген қарулардың есімін тұңғыш рет сол кісінің аузынан естісем керек», – деп жазады.

Халық қаһарманы соғыста жүрген кезінде де Әлжан ағасынан бала күнінде көп естіген ауыз әдебиетінің кейіпкерлерін жиі есіне алатын болған. Өз естеліктерінде ол соғысып жүргенде адам ажал туралы көп ойлауға тырысатынын айта отырып, сондай сәтте «Батырлар жырындағы» ержүректің қайтпас қайсарлығын есіне алатынын туралы жазады: «Ерсайын батыр туралы қиссада жаткерлік жаумен найзаласқанда Ерсайынның бір өзі жүз жауды, мың жауды, тіпті одан көп жауды қырады. Сол бір аңызда Ерсайынның өзі

## ХАЛЫҚ ЖҮРЕГІНДЕГІ ҚАҒАРМАН



Сағадат Нұрмағамбетовке «Алтын жұлдыз» медалін табыстау сәті, 1999 жыл

де бірнеше рет өліп, бірнеше рет бірде анасының, бірде әйелінің зарлап ақ тілек айтуымен тіріліп кетіп отырады. Тегінде мен кішкене күнінде өз шешемнен естіген ертегілердің батырлары да өліп қалып, қайта тіріле беруші еді».

Сағадат Нұрмағамбетов соғыс уақытында қай бағытқа қоныс аударса да, Әлжан қарт орайын тауып жат жолдап отырған. Сондай үшбұрыш хаттарында қария майдан шебіндегі батырды жігерлендіру үшін жыр-киссалардан үзінді жазып жіберетін болған.

«Бірде соғыстың қауіпті бір кезеңінде, жау найзасынан денесі шүрк-шүрк болған Ерсайын бойынан шама кетіп, аз уақыт атының жалын құшақтап тыныстайтыны бар. Сонда оның қасына кара ат мінген, кара киімді, аузынан от шашқан, шашқан отының бір ұшқыны тисе, маңындағыларды өртеп, жұтып қоятын бір алып жетеді. Ерсайын жалма-жан оған найза кезене бастайды, сонда әлгі алып: – Көзінді аш, есіңді жи, Ерсайын, өзгені жеңсең де мені жеңе алмайсың, мен Ажалмын! – депті. Ерсайын кезене берген найзасын қайта алып, е, Ажалдың өзі сен болсаң, саған не қарсылық бар, өз білгеніңді істей бер! – депті. Сонда Ажал: – Е, батыр, аз тыныстап ал да, соғысыңды жүргізе бер, мен сені бұл жолы алмай-ақ қойдым. Соғыс үстінде өзміңнің тандап-тандап алатындарым бар, ол тізімде, өзір сен жоқсың, – деген екен. Сонда сен, Ажал, кімді аласың, анау менімен алысып, жентізбей жүрген жетпіс жебелі, қырық қылышты, алпыс найзалы жау басшысын алсаңшы! – деген екен батыр. Ажал: «Сенін жауын болғанымен, ол да батыр», – дейді.

Сондағы толғау былай болып келетін: «Батырды емес, шорқақты аламын, Найзагерді емес, қорқақты аламын. Басқаны емес, басын сауғалар Дөңес қарын томпақты аламын!..»

Ажалдың осындай толғауы қиссада ұзақ болушы еді, Әлжан ағам соның бәрін емес, осы бір төрт жолдық шумағын ғана көшіріп, хатымен бірге жіберіпті», – деп есіне алған Сағадат атамыз.

Соғыс алаңында әскери жолдас-тарының қазасы жанына батқанда да: «Ерсайын батырға кездесетін соңшалықты ақылды ажал бізге қарасын да көрсеткен жоқ, ұрыс сайын талай-талай ер-азаматтар қаза болып жатты» деп налитын естелігі бар.

Кавказ жерінен Берлинге дейінгі жасалған жауынгерлік жолын, жорықты шерулерін бағандаған естеліктерінде Сағадат атамыз ұдайы батырлар жырының үзкірлерін параллель жасаған. Берлиннің қарсыласып баққан кезінің өзін Халық қаһарманы: «Қанша соққыласақ та, дәл бір анау менің Әлжан ағам айтатын ертегідегі жеті басты жалмауыздай бітер



сіне бірнеше мәрте депутат болып сайланды.

Сағадат Нұрмағамбетовтің есімі берілген бірінші дәрежелі «Айбын» орденімен тек қолбасшылар марапатталады. Генералдан жоғары дәрежесі бар әскери лауазым иелері алады. Яғни, I дәрежелі «Айбын» ордені әскери үлкен қолбасшылық лауазымдағы әскерилерге беріледі.

«Бұл жақсы үрдіс, тамаша бастама деп есептеймін. Сағадат Нұрмағамбетов атамыз тегін адам емес, ол еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі болды, ел боламыз ба, жоқ деп тұрған нағыз сын сағатта әскер жасақталды. 1991-1992 жылдары Кеңес Одағы құлдырап, сарбаз түгелі халықтың өзі абыр-сабыр, ертенін бағамдай алмай жатқан аласапыран заманда мемлекеттің негізін қалаушы бірден-бір фактор әскер болды десек, соған ұтымды басшылық еткен тұлға – Сағадат Нұрмағамбетов. Оның тарихи рөлі зор. Мұның маңызын біз Сағадат атамызбен замандас болған соң, аса түсіне қоймай жатқан шығармыз. Ал өскелең ұрпақ, бүгінгің немере-шөберелері бұл кісіге өлі де үлкен тарихи баға берді. Менің пайымдауымша, болашақта біздің басқа да тарихи тұлғаларымыздың құрметіне басқа да ордендер пайда болуы мүмкін. Мәселен, орта ға-

тағанның қолында, тістегеннің аузында» талан-таражға түсе ме деп қауіптендік. Өйткені олар бір орталыққа бағынып, қызмет еткен әскерилердің көпшілігі өз еліне кете бастады. Шамасы келгендері мол дүниеден бірдеңе іліп кеткісі келді.

1991 жылы Қорғаныс комитетінің төрағасы болатынмын. Қарулы Күшіміз әлі құрылмаған. Сол кезде осы кадр мәселесі төңірегінде ойлана бастадық. ...жанадан құрылғалы тұрған Қарулы Күшімізге қажетті мамандарды қайда даярлаймыз деген сұрақ туындай бастады. Сонда біз қайттық, Ресейдің Генералдық штабымен республикаға кадр дайындау жөнінде шарт жасастық. Ресей әуелі келісім бере қойған жоқ, біз түгелі Украина мен Белоруссияны да жолатпады. Не керек, түбінде келісімге келіп, жыл сайын 40 офицерді әскери академияға, 250-300 офицерді әскери училищеге оқуға қабылдайтын болды. Егемендіктің алғашқы жылдарында біздің әскери училищеге сол кездегі подполковник А.Тасболатовты бастық етіп тағайындадым. Оған: «Жігіттерді өсіресің және көбіне қазақтың баласын аласың», – деп міндет жүктедім. Осының барлығы кадр даярлау мәселесі төңірегінде атқарылған істер еді», – деп жазады Халық қаһарманының өзі.

Сағадат Нұрмағамбетовтің биылғы 100 жылдық мерейтойы мемлекеттік деңгейде аталып өтуде, республика көлемін түрлі әскери, патриоттық, тарихи, мәдени шаралар атқарылып жатыр. Мемлекеттік әскери-тарихи музей ұйымдастыру қызметінің бастығы Дәулет Қадыровтың айтуынша, Қорғаныс министрлігінің нұсқауымен бұл атаулы датаның аясында былтырдан бастап түрлі іс-шаралар қолға алынған. Ондағы мақсат – Кеңес Одағының батыры, армия генералы Сағадат Қожахметұлының есімін ұлықтау, оның ерлікке толы өмір жолын үлгі ете отырып, өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру.

«Мәселен, еліміздің тұңғыш Қорғаныс министрі болған Сағадат атамыздың құрметіне арналған «Халық жүрегіңдегі қаһарман» атты көшпелі көрме құрдық. Онда тарихи тұлғамыздың жеке заттары, құжаттары және бүгінде дейін ешбір жерде жарық көрмеген кейбір фотосуреттері қойылды. Осы уақытқа дейін көмбелі мұражай Алматы, Петропавл, Шымкент, Қызылорда қалаларын аралап қайтты. Келешекте еліміздің шығыс және батыс өңірлеріне сапары жоспарланған. Мамыр айында көшпелі көрмені мемлекеттік әскери-тарихи музейінен тамашалауға



Сағадат Нұрмағамбетов жұбайы Лира Сабырқызымен, 1991 жыл

сырдағы хандар мен батырлардың ұлықтау ниетімен Абылай хан, Жәңгір хан немесе Қабанбай, Бөгенбай, Исатай, Махамбет, Сырым Датұлы атындағы марапаттарды неге жасамасқа? Заң, сот саласындағы еңбегі еленген үздіктерді Төле, Қазыбек, Әйтеке би атындағы орденмен құттықтасқақ, қандай жақсы?! Ойланатын мәселе, өйткені бұл – бабаларға тағзым әрі ұлттық рухты асқаттатады. Кез келген орденнің халқымызға жақын тұлғаның есімімен аталуы оның тарихи, рухани және саяси салмағын арттыратыны сөзсіз. «Айбын» орденінің екінші және үшінші дәрежелеріне Бауыржан Момышұлы мен Рахымжан Қошқарбаевтың есімдері берілді. Бұлар да лайықты марапат, орташа әскери құрамға, лейтенант, сержант және басқа да сарбаздарға табысталады», – дейді Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Самат Нұртаза.

Шыны мәнінде, егемен ел болған және Қарулы Күштеріміздің алғаш іргетасы қаланған жылдары қиыншылық көп болды. Әскерді, әскери-техникалық базаны түгендеу, қайта құру әрі тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету жолында көптеген келерлерге болды.

«КСРО тарағаннан кейін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында армия құру ісінде әскерімізде полк басқаратын бір қазақ болмады. Қазақ таппай, қиналған кездер болды. Сол уақытта армияны қалай да ұстау керек еді. Кеңес Одағынан қыруар соғыс әскери техникалары мұраға қалды. Осындай қым-қуыт кезеңде солар «ұс-

болады. Сондай-ақ музейімізде Сағадат Нұрмағамбетовке арналған экспозиция бар. 1992 жылдың 7 мамыры егемен еліміздің тарихындағы маңызды күн, бұл күні №745 жарлықпен тәуелсіз Қазақстанның Қарулы Күштері құрылды және Сағадат атамыз Қорғаныс министрі болып тағайындалды. Армия генералына арналған алаң осы жарлықтардың көшірмесінен басталады. Алаңның төрінде ардагеріміздің мүсіні (авторы – суретші-гиперреалист Айдос Есмағамбетов) отыр және оның жеке кабинетінің кішігірім үлгідегі көшірмесі қойылды. Сондай-ақ бұл бөлімге Сағадат атамыздың жеке әскери киім – шерулі және қыстық киім үлгілері қойылды. Бұл жәдігерлер иығындағы пагондарымен (армия генералының әскери пагонын елімізде осы музейден ғана көре аламыз) және Халық қаһарманы өзі киігені үшін өте құнды. Бұдан бөлек, Сағадат Қожахметұлының жеке ісінің түпнұсқасы осында тұр. Мұнда атамыздың Кеңес әскерінен бастап, тәуелсіз Қазақстандағы қызметі мен дүниеден өткенге дейінгі өмір жолы осы құжатқа көрсетілген. Ішінде өз қолымен толтырылған автобиографиясы бар. Сағадат атамыздың медальдарының және басқа да құнды жәдігерлерінің түпнұсқалары бүгінде отбасында сақтаулы. Болашақта олар музей қорын толықтырады деп сенеміз, біз қазіргі уақытта халық назарына көшірмелерін ұсынып отырмыз», – дейді Дәулет Қадыров.

ТҮЙІН:

Халық қаһарманы Сағадат Нұрмағамбетовтің: «Патриот деген кім? Ол – еліне қалай да пайдасын тигізуді ойлаған адам» деген сөзі бар. Ал патриотизм – ұрыс даласында ғана емес, бейбіт күнде де сыналатын бекзат қасиет. Батырдың да өскелең ұрпаққа айтпағы осы болған шығар.



(Басы 1-бетте)

— Мұхтар Абрауұлы, сіз Ресейдің Орталық мұрағатында жатқан деректерді сөйлетіп, бірнеше мақала жаздыңыз. Қазақстандықтардың, оның ішінде қазақтардың соғысты тоқтатып, жеңісті жақындатуға қосқан үлесіне шынайы баға берілді ме?

— Ол сұраққа жауап бермес бұрын сізге мынаны айтайын. Біз кейде өзімізге өзіміз сауал қоямыз. «Осы біздің қазақ қандай халық?» Сонда басымызға халқымыздың неше түрлі сипаты келеді. Соның ішінде ең бірінші ойға оралатыны — «қазақ — батыр халық» деген сөз. Шындығында, территориясына бес Франция немесе он Ұлыбритания сыйып кететін, әлемде жер көлемі жөнінен 9-орында тұрған мемлекетті тек батыр халық ұстап тұра ала керек. Қазақ халқының батырлық қасиетінің жана заманда көзге түскен кезі — Ұлы Отан соғысы деп сипатталған соғыс болды. Бұл II Дүниежүзілік соғысқа сол кездегі 70-ке жуық мемлекеттің өкілдері қатысты. Жершары халқының 80 пайызын қамтыған Екінші жаһандық соғыста қазақ халқының батырлығының даңқы бүкіл әлемге жайылды. Сол кезде Совет Одағының бас басылымы «Правда» газетінде орыстың атакты жазушысы Илья Эренбург былай деп жазған. Сөзбе сөз келтірейін: «Один фриц мне сказал: «Против нас были страшные солдаты — их не мог остановить никакой огонь, они бежали прямо на нас. Потом мне сказали, что это — казахи». Бұл — 1942 жылы 18 қазанда жарияланған мақала. Ал енді бұл соғыста шығын өте көп болды. Сонда қазақ халқының батырлығын көрсеткен азаматтардың барлығы бірдей батыр атағын ала алған жоқ. Мысалы, Төлеуғали Әбдібеков деген қазақ 397 немістің көзін жойған. Бір — өзі. Асқан мерген адам болыпты. Соғыста мергендердің өлтірген адамдары кітапшасында жазылып, командирлері қол қойып бекітіп отыратын болған. Ол кісінің ерлігі жайында сол 1942 жылдың өзінде «Комсомольская правда», «Красноармейская» газеттерінде мақалалар жарияланған. Сол секілді Ыбырайым Сүлейменов 268 немістің көзін жойған.


Ыбырайым Сүлейменов — 1943 жылы Невель қаласын жаудан азат ету шайқасында ерекше көзге тасталған адам. Иоча стансасында «Ступенчатая высота» деп аталатын жотада қазақтың ауылы батыр қызы Мәншүк Мәметова екеуі немістерге қарсы кескілескен шайқаста қатар соғысқан. Ыбырайым Мәншүкке оқ тиіп, қаза тапқанда Мәншүктің денесін жауға тастамаймын деген шешімін қасында қалып, екі қазақ сол жерде өлген. Мерген туралы деректер нақты болуы үшін біз 2019 жылдың 14 қазанында Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық әскери мұрағатына сұрау салып, Ы.Сүлейменовке қатысты барлық құжаттарды алдырған едік. Немістер оны сыртынан «дала мергені», «жаналғыш азиат» деп атап, қатты сескенген. Тіпті, Сүлейменовті атып түсірген неміс снайперіне мол сыйақы мен марапат та тағайындаған. Сөйткен батыр ұлға советтік билік батыр атағын қимай, бір жыл өткенде барып «Ленин» орденін ғана берді. Ал соғыстың алғашқы кезінде миллиондаған совет әскері бекерден-бекер тұтқыға түсіп, бекерден-бекер шейіт болып кетті. Тұтас армиялар, бірнеше миллионнан астам адам я шейіт болды, я концлагерге түсті. Ал қазақтың батыр ұлдары бір ғана Төлеуғали мен Ыбырайымның өзі қаншама жауын көзін құртты. Міне, қазақ қандай халық дегенде, қазақ — батыр халық, батырлығын дәлелдеп өткен халық дейтініміз — осы. Қазақтың батырлығының шырқау шыңы — Рейхстагтың төбесіне тігілген Ту болды. Оны бірінші болып тіккен де қазақ.

— Берлинді алардағы дайындық, шабуылдың қалай өткені жайында да қазір жана деректер айтылып жатыр. Біздің қоғам шынайы ақпаратқа қол жеткізе алды ма?

— Барлық шынайы мәлімет толығымен ашыла қойған жоқ деп ойлаймын. Өйткені тарихты әр мемлекет өзіне жазды. Ол үшін сол уақыттағы саяси қатынастарды, еларалық байланыстарды толық білмей, әр деректі жүйелеп алмай нақты картинаны осылай деп сипаттау қиындау. Десек те, 1945 жылдың соуір айында соғыс өзінің шешуші сәтіне келіп жеткен болатын. 16 сәуірде атакты «Берлин операциясы» басталады. Осы жерде мына бір детальды айта кетейін. Ол операция басталар алдында Берлиннің тағдыры шешіліп қойған еді. Үлкен үкіткіз кездесуінде Германияның екіге бөлініп, бір жағы Советке, екінші жағы Америка одақтастары жағына қарайтын бекітілді. АҚШ президенті Ф.Рузвельт пен Ұлыбритания басшысы У.Черчилльдің бір-біріне жазған құпия хаттарынан оны қалай алудың стратегиялық жоспары да даяр болғанын білеміз. Берлинді үш жақтан қоршап, шығынсыз да алудың мүмкіндігі болған. Онда кісі өлімі бірнеше есе аз болатын еді. Берлинге батыс жағынан Лейпциг қаласын алғаннан кейін Одақтастар әскері келеді. Одақтастар әскерін басқарған бас қолбасшы, генерал Дуайт Эйзенхауэр деген әскери қайраткер, кейін ол АҚШ-тың Президенті болды. Совет одағы жағынан үш бірдей майдан жылжып келе жатыр. Маршал Г.Жуков басқаратын «Бірінші Беларусь майданы», «Бірінші Украин майданы», оны маршал И.Конев басқарады, «Екінші Беларусь майданын» маршал К.Рокоссовский басқарған. Рокоссовский Берлиннің солтүстік жағынан, Конев оңтүстігіннен, тура шығыс жақ қасқа маңдайдан Жуковтың қолы келген. Сол кезде америкалықтардың да Берлинді алуға мүмкіндігі болған. Бірақ Дуайт Эйзенхауэр есептеп көреді, кем дегенде 100 мың әскерден айырылу қаупі бар. Ол — демократияның елдің қолбасшысы. Ертен елге барғанда АҚШ Конгресінің алдында сұрауы бар, «100 мың әскерді қайда жібердің?» десе, Америка халқына не деп

## Мұхтар Құл-МҰХАММЕД, Мемлекет және қоғам қайраткері:

# ҚАЗАҚ — БАТЫРЛЫҒЫН ДӘЛЕЛДЕГЕН ХАЛЫҚ



жауап берем?! Бұл өте ауыр шығын екен, мен бұған бара алмаймын» дейді. Ал советтер жағы қайткен күнде де Берлинді біз алдық деген атакты алу үшін, шабуылды бастап жіберді. Кейін белгілі болған деректерге қарасақ, небәрі 23 күнге созылған осы операцияда Кеңес әскерінің шығыны қайтыс болғандарды, жараланғандарын қоса есептегенде, 361 367 адамға жеткен. Қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлының «Төрт жыл бойғы сурапыл соғыстың небір сұмдық қияметтері көз алдымда. Бірақ Берлинді алардағы, Рейхстагқа ту тігердегі қырғын — ол нағыз жылқы қырғын!» — деген ашына, ашулана сөйлеуінің астарында осындай сыр бар.

Осы жерде тағы бір қателік кеткен. Егер жоғарыда айтылған үш үлкен майданды жауып жіберіп, үш жағынан қоршаса, Берлин операциясы жеңілдеу өткен болар еді. Бірақ Рокоссовскийдің ұлты — поляк. Мәскеу билігі «Берлинді поляк алды» деген сөзді айтқызау үшін оның әскерін Калининград жағындағы майданға қалдырады. Негізі, сол кезде Калининградтағы соғысты кейінге қалдыра тұруға да болатын еді, өйткені жау әскері ол жерде онсыз да қоршауда жатыр ғой. Сөйтіп, ұлты орыс екі маршалдың әскерін ғана Берлинге кіргізген.

Берлиннің шығыс жағында 50-60 шақырымдай жерде неміс тарапынан берік қорғаныс жасалған «Зеллов биіктігі» деген болған. Совет әскеріне сол биіктікті бағындыру керек. Ол жерді миллионға жуық немістің әскері қорғап тұр. Совет әскері — 2,5 млн адам. Осы биіктікті алу кезінде ресми деректе 30 мың, бейресми деректерде 80 мыңнан астам адам қырылған. Кейде Жуковты «генерал-мясник» деп атайтын сондықтан. Ақыры, үлкен әскер шығынымен Совет әскері Берлинге кіреді. Сәуірдің 28, 29, 30-шы күндері Берлиннің көшесінде, ғимараттар ішінде кескілескен қанды шайқас жүріп жатты. Ең соңғы 1 мың мұздай қаруланған, әбден тәжірибесі мол СТ-тің жауынгерлері мен офицерлерінен тұратын топ Рейхстагқа келіп қорғанады. Рейхстаг деген не? Рейхстаг деген — соғысқа дейін Германияның парламенті отырған жер. Былайша айтқан кезде, сол елдің заң шығаратын, елді басқаратын үлкен мемлекеттің органы, символы. 29 сәуірде штабта өткен жиналыста былай деп тапсырма берілді. «Ертен Рейхстаг алынады. Рейхстагқа кім бірінші болып ту тігеді, соларды біз батыр атағына ұсынамыз». Сондықтан кім Рейхстагты алып, соның төбесіне туды тігеді. Сол жеңістің нүктесін қойған болып есептеледі. Ту жөнінде біздің халқымызда да керемет сөздер бар. Туды бағалап, қасиет тұтқан. «Ту көтеру», «Бір туын астына жиналу», «Ту алу», «туы жығылмайды» деген сөздер сондай ұғымды береді. Түркі халықтары жауынгер халық болғаннан кейін Туға ерекше құрметпен қараған.

Сонда Рейхстаг ғимаратын әртүрлі командирлер, бірнеше полк қоршап тұр ғой. Барлық командирдің дәмесі бар. Сол кезде Плеходанов деген полковник болған, екінші жерде Зинченконың полкы жатыр. 30 күні таңертен Рейхстагқа шабуыл басталады. Кабырғасы қалың ғимарат, ішіндегі неміс әскері өліспей беріспеуге бекінгендер. Енді мына қызықты қараңыз. 29 күні түнде басшылық Рақымжанды партия қатарына қабылдап, партбилетін тапсырады. Енді туы коммунист тігу керек қой. Алдында әкесі репрессияға ілінгенін сылтау қылып партияға өткіз-

беген. Ертенің өзі сабырлы, салмақты, соғыста талай сыннан өткен барлаушы Рақымжанға туды тапсырады. Сонда қызды гимнастеркасының ішкі жағына салып, жер бауырлап алға жылжиды ғой.

— Сіз «Жау жүрек. Рейхстагқа ту тіккен кім?» атты мақаланыңда Рейхстагқа ту күндізгі сағат 14.25-те тігілген деп жазасыз. Ал Рақымжан Қошқарбаевтың «Жеңіс жаулау» кітабында кешкі 18.30 деп көрсетіліпті. Нақты уақыт қайсы?

— Рақымжан ағамыздың «Жеңіс жаулауы» 1978 жылы жарық көрді, ол кезде қазіргідей емес, советтік цензураның күшейіп тұрған уақыты. Мен қазір сізге Жеңіс туының нақпа нақ тігілген уақытын құжаттармен дәлелдеп көрсетемін. Мұның бәрін кезінде «Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Орталық архиві» федералды мемлекеттік мекемесінен алдырдым.

«Гиммлер үйі» ғимаратынан Рейхстагқа дейінгі арада 360 метр жер ашық алаң бар — Кёнигсплац алаңы деп аталады. Сол ашық алаңды кесіп өту керек, қарудың барлық түрінен оқ қарша борап тұр. Рақымжан аға өзінің кітабында «осы жерде мен 7 сағатта жүріп өттім, кешкі сағат 6.30-да ту тігілді» деп жазған. Шындығында, Рақымжан ағаға осылай деп жаздырған. Әскери цензура өзгертіп қосуды да мүмкін.

Ту 30 сәуір күні сағат 14.25-те тігілген. Оны бірінші болып тіккен — Рақымжан Қошқарбаев пен Григорий Булатов.

Бірінші құжат. Рақымжан Қошқарбаевтың взвода 674 атқыштар полкінің құрамында болды, полктің командирі — Плеходанов. Сол Плеходанов Жеңіс туы тігілген оқпаның ізі суымай-ақ алғашқы баяннатты берді. Онда былай делінген, сөзбе сөз келтірейін: «Командир взвода разведки 1 сб л-нт КОШКОРБАЕВ и разведчик взвода полковой разведки кр-ц БУЛАТОВ в 14.30 водрузили знамя над Рейхстагом. В 14.40 1 и 2 сб полностью вошли в Рейхстаг, очищая нижний этаж и подвальные помещения» (РФ КМММ, 1390-кор, 1-тізім, 76-іс, 174-175-беттер).

Екінші құжат. Соғыс кезінде әрбір дивизияның «Журнал боевых действий» дейтін арнайы журналы болған. Оған ешкім өзгеріс енгізе алмайды. Сол сағатында болған оқиға ғана көрсетілді. Міне, «Журнал боевых действий» былай деп жазылған. «Лейтенант КОШКАРБАЕВ и разведчик 674 сп БУЛАТОВ первыми подползли с полковым красным знаменем и в 14.25 30.4.45 водрузили его на площадке лестницы главного центрального входа в Рейхстаг с западной стороны. Только с наступлением сумерок 30.4.45 в здание Рейхстага с южной и центральной части ворвались 674 сп; с северной 1/756 сп», — делінген (Сонда, 1390 кор. 1-тізім, 1-іс, 22-23 беттер).

Көздіңіз бе? Екі құжаттағы уақыт айырмашылығы — 5-ак минут. Біреуінде —14.30, екіншісінде 14.25 деп көрсетілген. Енді үшінші құжатқа келейік. Әрбір дивизияның «исторический формуляр» дегені болады, сол құжатта не деген? Енді сол генерал-майор В.Шатилов басқарған 150-атқыштар дивизиясының тарихи формулярына назар аударып көрейік. Онда: «В 13.00 30.4.45 г. артиллерия, минометы и РС открыли уничтожающий огонь по противнику. Артобработка продолжалась в течение 30 минут. В 13.30 началась штурм противника. ...В 14.25 30.4.45 г. лейтенант КОШКАРБАЕВ и разведчик БУЛАТОВ 674 сп по-пластунски

подползли к центральной части здания и на лестнице главного входа поставили красный флаг... В 18.00 30.4.45 г. был повторен штурм Рейхстага... Рота Сянова первая ворвалась в сев. часть Рейхстага, а бойцы 1 и 2 (батальона) 674 сп с центральной и южной стороны», — делінген (Сонда, 1390-кор, 1-тізім, 22-іс, 192-193 беттер). Міне, үшінші құжатта нақпа-нақ 14.25-те деп көрсетіліп тұр.

Енді осы оқиғаны бас штабтағы Г.Жуковқа баяндайды. Сөйтіп, Жуков 30 сәуір күні №6 бұйрыққа қол қояды. Онда былай делінген: «Генерал-полковник Кузнецовтың 3-Екпінді армиясының әскерлері шабуылды өрістетте отырып, жау

дайындық үстінде болатын. Энциклопедияға Кеңес Одағының батыры атағын 2 мәрте алғандар және А.Матросов пен Н.Гастеллоның ерлігін қайталаған қазақстандықтар ғана кіруі тиіс деген нұсқау, шектеу болды. Ол кезде Гастеллодан бұрын ондай ерлік жасаған Бактыораз Бейсекбаев деген қазақ екенін білмейтініз. Архив жабық жатыр. Ол кейін белгілі болды.

Манаш Қозыбаев докторлық диссертациясын Ұлы Отан соғысындағы Қазақстан тақырыбында қорғаған адам ғой. Осылайша, ол кісі Орталық Комитет басшылығын «республиканың Ұлы жеңіске қосқан үлесін біклетеді» деген дәлелмен сендіріп, 1-томаға «Рейхстагқа ту тіккен» критерийімен Рақымжан Қошқарбаевты кіргізу жөнінде рұқсат алды. Димаш Ахметұлы Рақымжан ағамызды біледі, сол кісі рұқсатын берген болу керек. Ал Манаш аға Рақымжан ағамен жақсы дос болған. Мені Рақымжан ағаға «мақала жазып өкел» деп жазсады. Солай батыр ағамен алғаш таныстым. Кейін де бірнеше мәрте жолығып, әңгімесін тыңдаудың сәті түсті.

Қазаққа «Өсер елдің баласы бірін-бірі батыр дейді» деген жақсы сөз бар. Рақымжан Қошқарбаевты қазаққа бірінші танытқан адам — Бауыржан Момышұлы. Ол кісі 1958 жылы сол кезде қатардағы журналист, кейін үлкен мемлекет қайраткері болған Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің идеология жөніндегі хатшысы дегеніне дейін көтерілген Кәкімжан Қазыбаев ағамызға тапсырма берді. «Сендер мені батыр, батыр дейсіңдер ғой, нағыз батыр Рейхстагқа ту тіккен адам. Ол — Рақымжан Қошқарбаев деген қазақ. Сен сол туралы жаз» дейді. Сонда «Рейхстагқа ту тіккен қазақ» деген мақаланы ең алғаш жазған адам — Кәкімжан Қазыбаев ағамыз. Кәкімжан Қазыбаев ағамыздан кейін де қазақтың көптеген қаламгерлері жазушылары Рақымжан Қошқарбаевқа өлең арнады. Ән арнады. Толып жатқан мақалалар шықты. Солардың ішінде мен 70-80-жылдардағы қазақ журналистикасының ақтангері, ақмылжық Жанболат Аупбаевтың осы Рақымжан ағамыз туралы жазған мақалаларының циклін ерекше атар едім.

— Батыр атағын бермеген князатқа ол кісі қалай қарады?

— Рақымжан ағамыз — өзінің ерлігін соғысқа алғаш кірген сәтінде дәлелденген жан. Р.Қошқарбаев майданға араласқанда соғыс Польша жерінде жүріп жатқан. Соғыс тарихына «Висло-Одер операциясы» деген атпен енген шайқаста Рақымжан взвод командирі ретінде алғашқы ерлігін көрсетеді. Лейтенант Қошқарбаев жаудың траншеясына бірінші болып шауып, қолма-қол ұрысқа кіріседі. Гранатасымен дереу жау пулеметшісінің көзін жоюды да немістің өз пулеметімен өздеріне оқ жаудырады. Осы ерлігін көзімен көрген полк командирі А.Плеходанов Рақымжанды бірден бірінші дәрежелі марапатқа ұсынған. Соғыс кезінде наградалардың бірнеше түрі болған. Солардың ішінде ең абыройлы марапаттың бірі — «Орден Отечественной войны I степени» дейтін үлкен марапат болған. Міне, сол алғашқы марапатын Рейхстагқа дейін Рақымжан алады. Оның сол кездегі наградының листі сақтаулы. Онда Рақымжанның жоғарыда айтқан ерлігі жазылып, дивизия командирі В.Шатиловтың қолы қойылған. Сондықтан бұл кісінің батырлығы соғыстың әр кезіндегі қылаң беріп отырған.

Ол адамзаттың арыстаны дейтіндей өте бір келісті, көркем кісі еді. Жасы келсе де шашы қап-қара, қайраты, батырлығы сыртқы келбетінен-ақ көрінетіндей сұлу адам. Өзіл-қалжанды жақсы көретін тамаша азамат. Абай ағамыздың інісі Оспан өлгенде айтағыны бар ғой. «Жайнаған туың жығылмай, Жасқауып жаудан тығылмай...» деп келетін. Рақымжан аға да солай Жайнаған туың жықпай өткен жан болды.

Жалпы, қазақ — өткен тарихта есесі көп кеткен халық. «Алтын жұлдыз» Ыбырайымға ғана емес, есімі аңызға айналған батыр Бауыржан Момышұлына, Рейхстагқа Жеңіс туын қадаған Рақымжан Қошқарбаевқа, даңқты партизан Қасым Қайсеновке де бұйырмалы. Соғыста ең даңқы шыққан қаһарман қазақ Бауыржан Момышұлының өзіне ресми билік Батыр атағын қимайды. Бірақ қазақ халқы өзінің батыр ұлдарын ардақ тұтты, хан көтеріп құрметтеді.

Соғыс аяқталған кезде 98 қазақ батыр атағын алған. Совет Одағының Батыры атағын алған. Соның ішінде басқа республикалардан алғандарды қосып есептегенде 103 қазақ батыр атағын алады. Ал шынтуайтық келетін болсақ, Ұлы Отан соғысы кезінде 118 қазақ батыр атағына ұсынылып, жанағы айтылған 103-тен басқа, олардың ешқайсысына батыр атағы берілмеген. Солардың ішінде Рақымжан Қошқарбаев бар. Қаншама азаматтың ерен еңбегі еленбей, бағаланбай кетті. Тек қана Талғат Бигелдинов ағамыз екі мәрте Батыр атағын иеленді. Одан басқа екі мәрте батыр атағына ұсынылған алты қазақ болды, көрсеткен ерліктері лайық болып тұрса да бермеді. Ол алты адамның бірі — біздің даңқты қолбасшымыз, Қазақстанның тұңғыш Қорғаныс министрі Сағадат Нұрмағамбетов. Қазақ батыр халық деген сөзіміздің дәлелі осындай.

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери адамдарға, күштік құрылымдардың офицерлеріне берілетін 3 дәрежелі «Айбын» орденіне батырлардың атын бергізуді бекітті. Біріншісіне — генерал Сағадат Нұрмағамбетовтің атын, екіншісіне — полковник, қаһарман қолбасшы Бауыржан Момышұлының атын, үшіншісіне Рейхстагқа ту тіккен, Ту ұстаушы батыр Рақымжан Қошқарбаевтың атын бергізді. Бұл — тарихи шындықтың қайтып оралуы. Шындықтың салтанат құруы деп білемін.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Бауыржан БАЗАР





# Жүрегі жылы АЗАМАТ

Әр адам шыр етіп дүниеге келгенде Алланың әмірімен маңдайына тағдыры жазылады екен. Бірақ сол тағдырдың болашақта қандай болатынын ешкім сезбейді. Оны бір ғана жаратушы иеміз ғана біледі дейміз. Өке қаны, Ана сүтімен бойға дарыған даналығы да, дарындылығы да оны биік мақсаттарға жетелейді. Жасынан арманшыл болған бала кейін қандай тұлға болып қалыптасса да, қандай биіктерге шықса да, тіпті өмірде сәтсіздікке ұшыраса да маңдайына жазылған тағдырдың тауқыметін бастан кешетіні де рас.

Алайда ақылды адам өз тағдырына қожайын. Тал шыбықтай түзеліп, өмірге қадам басқан сайын Алланың берген небесін өзі іске асырып, керегіне жарата алатынын жас кезінде жете сезіне бермеуі де мүмкін. Дүние есігін ашқан әр адамның өмірге келген күнінен бастап қалыптасуы, ата-анасының берген тәлім-тәрбиесі, қоршаған ортасының әсері, өсе келе алған білімі, жеткен жетістігі маңдайға жазылған тағдырдың объективтік көрінісі болып көпшіліктің назарына ілінеді. Бір сөзбен айтқанда, адамның нағыз азамат болып қалыптасуы, оның алдына қойған мақсат-мұраттары ел-жұрттың көз алдында өркен жаяды. Халықтың құрметіне, елдің мақтанышына айналады. Ал тұлға болып қалыптасуы — Отан үшін өлшеусіз сіңірген жансәбіл еңбегінің жемісі.

Менің осы ойыма өзек болған кейіпкерім — ұлтымыздың ардақты азаматы, қазақ еліне еңбегі сіңген белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, айтулы тұлға Қайрат Мәми. Қайрекең туралы көпшілік өмірде жолы болған, басына бак қонған, тағдыры жақсылыққа жол ашқан ардақты азамат дейді. Солай да шығар. Мұнымен қатар Қайрат Әбдіразақұлын осындай абырой биігіне жеткізген жетістіктердің артында оның терең білімділігі, ақыл-парасаты, іскерлігі, еңбекқорлығы, ыстық қайраты мен иманға толы жылы жүрегі тұр.

Қайрат Әбдіразақұлымен таныстығым ертеде елімізге «ҚазГУ» деген атымен әйгілі болған, бүгінгі әл-Фараби атындағы Ұлттық университетіміздің Заң факультетінде бірге оқыған кезден басталды. Елімізге заңгерлер дайындайтын бұл факультетке 1976 жылы оқуға түсуге талаптанған абитуриенттер саны өте көп болды. Бір орынға оннан аса үміткер бак сынасқан едік. Біздің жолымыз болып, сол жылы Қазақтың ұлттық университетінің Заң факультетінің студенті атандық. Шексіз қуанышқа бөлендік.

Дәл сол жылы Заң факультетінде қазақ және орыс тобы құрылған еді. Бірақ қазақ тобына бөлінгендер қазақ тілінде оқыған жоқ. Біздің ұрпақ тек орыс тілінде білім алып, заң және құқықтық, өзге де пәннің барлығын орыс тілінде ғана оқып түсінуімізге тура келді. Керісінше, қазақ тобындағы студенттерге орыс тілін оқытатын, ал орыс тобындағы студенттерге ағылшын, неміс тілдерінде сабақ беретін.

Біз осылайша әр топқа бөлініп білім алдық. Қайрат Әбдіразақұлы орыс тобының жетінші тобында оқыды. Шаш өсіру мәнері бөлек, толқынды шашы құлақ-шекесін жабыңқырап тұратын, тойған қозыдай томпақтан сүйкімді, сәнді киінетін. Өзін салмақты да сабырлы ұстайтын біртоға жігіт ортамызда ерекше көрінетін. Қазір сол жас жігіттің болмысына ой жүгіртсем, Қайрекең өзін болашақтағы көп жеткізетін биік белестеріне, айқын мақсаттарына студент кезінде-ақ дайындаған екен деп ой түйемін. «Ізденген жетер мұратқа» демекші, алдағы тұрған заңгерлік қызметтің аса жауапты ісіне, білімділік пен біліктілікті, адалдық пен әділдікті талап ететін өмір сынағына жас кезінен дайын болғанын кейіндеу түсіндім.

Бес жылдан соң Заң факультетін бітірген тұлғалар жан-жаққа бөлініп, еліміздің түкпір-түкпіріне кете бардық. Қайрат Әбдіразақұлы Алматы облысы Жамбыл ауданының жігіті еді, ректорат жолдамасымен сол кездегі Гурьев облыстық сотына жіберілді. Мен Нарынқолдан болатынмын. Жолдама бойынша Қостанай облыстық атқару комитетінің әділет бөліміне келдім. Осылайша, жан-жаққа тарап, еңбек деген ұлы майданның ортасынан бір-ақ шықтық.

Қазіргі Атырау облыстық сотында Қайрат Әбдіразақұлының азамат болып, заңгер болып қалыптасуы, қызметтегі осы жолы басталды. Біраз жылда өзінің білікті маман, адал азамат, әділ судья екенін көрсете білген Қайрекең алдымен облыстық соттың алқа төрағасы, содан кейін облыстық соттың төрағасы болып қызмет атқарды. Халқымыз «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» дейді. Сол өңірдің халқы, онымен қоян-қолтық араласып бірге қызмет істеген әріптестеріне Қайрат Әбдіразақұлы тек білікті маман, ұйымдастыру қабілеті жоғары басшы ғана емес, ақылы мен алғырлығы, қарапайымдылығы мен кішіпейілдігі кестенің өрнегінде ұштасқан, байсалды да байыпты азамат ретінде өзін жақсы қырынан таныта білді. Мұны Атырау елі зор сүйіспеншілікпен әркез еске алады.

Қайрекеңнің ауылдасы академик Төлеген Қожамқұлов сол Атырау еліндегі ерен еңбегіне сүйсіне келіп: «Қандай жағдай болмасын бәрін ақылаға салып, елмен де, басшылармен де тіл табысып еңбек ете білді. Көптеген дос-тілектес тапты, жарқырап сәуленген таңы атты. Қайрат қызметін бастаған жер Сүйінбай Аронұлы: «Бүркіттің түрі түксегені, бақ қонып қалдыр жайлаған, мыңдап бие байлаған, мыңдап түйе айдаған...» деп келе, Қайрат сол елдің, ол жұрт Қайраттың қаліріне жетті. Қайрат құнарлы жерге түскен асыл дақылдай терең тамыр жіберіп, биікке бой түзеді, көкке көк созды» деп бағалаған екен. Расында, Атырау елі Қайрекеңді әлі күнге дейін өздерінің перзенті деп санайды. «Жақсыда жаттық жоқ» деген, міне осы емес пе?!

Қайрекеңмен қызметтес болу маған екі мыңыншы жылы бұйырды. Осы жылдың сәуірі айынан бастап Жоғарғы Соттың

судьясы қызметіне келген едім. Қайрат Әбдіразақұлы сол жылдың қыркүйек айының басында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы болып тағайындалды. Осы кезден бастап ол кісімен үзегілес әріптесі болып бірге жұмыс істедім. Еліміздің ең жоғары сот билігінің басшысы ретінде әрі заңгер ретінде терең тани бастадым. Қайрекең алғашқы күннен бастап өзін ұйымдастыру қабілеті жоғары, білікті де мықты басшы екенін бірден көрсетті.

Олай дейтінім, Қайрат Әбдіразақұлы Жоғарғы Сотқа Төраға болып келген кезде еліміздің сот жүйесіне қатысты ауқымды кең реформалық өзгерістер, оған қатысты қабылданған көптеген заң өзгеше бағытта өрістеген еді. Ол туралы сол кезде талай рет айтылды да, жазылды да. Бұл — терең тұрғыдан зерттеп, зерделейтін өз алдына бөлек тақырып. Осы ретте Қайрекеңмен бірге қызмет істей жүріп көп нәрсені үйренгенімді, оқып білгенімді, әріптестерімен жұмыс істеудегі ол кісінің ерекшеліктері мен жақсы қасиеттері туралы ойларымды ортаға салайын.

Қайрат Әбдіразақұлының бір ерекшелігі, қандай іске қатысты болсын, ұзақ-сонар әңгіме айтпайтын. Әр жұмыстың өз уақытында мұқият орындалуына көп әрекет жасайтын талапшыл басшы екенін бірден білдіретін. Алдына қандай іспен барсаң, нақты да қысқа сөйлегеніңді талап ететін. Өзі де сұрақтарды өте қысқа және дәл қоятын. Жоғарғы Соттың пленарлық отырысында қабылданатын қаулыларды талқылағанда өзінің терең білімділігінің арқасында қаулыдағы ең негізгі көтеріліп отырған мәселені дәп басып, сол мәселеге баяндамашының жөне пленарлық отырыстың назарын тура аудартаын. Барлық мән-жайды иенің көзінен өткізген жіптей қалағалап отыратын.

Қайрат Мәми бірінші рет Жоғарғы Соттың Төрағасы болып келгенде еліміздегі сот билігін және оның тәуелсіздігін күшейтуге бағытталған реформалық іс-шаралар жаппай етек алған кезең еді. Елбасының Жарлығымен еліміздің сот жүйесі кезең-кезеңімен жүзеге асыратын сегіз басым міндетті таяу арада орындау жүктелген болатын. Осы басым міндеттің біріне менің де атсалысуыма тура келді.

1998 жылы Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер енгізілгенін жалпы жұрт жақсы біледі. Конституцияның 75 бабына сай Қазақстан Республикасында қылмыстық істерге байланысты сот әділдігін атқаруға алқа билер де қатысуы көзделген еді. Алайда сот әділдігін атқарудың бұл түрі бірден іске аса қоймады. Алқабилерді қылмыстық істерге қатыстырып қарауды жүзеге асыру шаралары тек Қайрат Әбдіразақұлы Жоғарғы Соттың Төрағасы болып келгенде жанағы сегіз басым міндеттің бірі болып енгізілді.

Бұдан бұрын, яғни 1999 жылы тамыз айында Алматы қалалық сотының құрылғанына 30 жыл толуына орай халықаралық конференция ұйымдастырылған болатын. Осы конференцияда мен Алматы қалалық сотының судьясы ретінде Қазақстанда құрылатын алқабилер соты туралы өз ойларымды ортаға салған едім. Оны өз дәрегіне жеткізіп, талқылап, бекіту алты жылға созылды.

Осы тұста айта кетейін, Жоғарғы Соттың Төрағасы ретінде Қайрат Әбдіразақұлының табандылығын, үлкен беделінің арқасында біздің елде Алқабилер соты туралы заңдар басқа мемлекеттермен салыстырып айтқанда, қысқа мерзімде дайын болды. Жан-жақты әбден пысықтаудан өткен соң 2006 жылдың екінші жартысында Парламентте қаралып, қабылданып, бұл заң 2007 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енді. Еліміздің



тереді. Ал біз оған бүгіннен бастап дайын болуымыз керек. Жедел жұмыс тобын құрып, алқабилер сотына байланысты мәселелерді талапқа сай шешуіміз керек. Алдымен алқабилерді қатыстырып, сот әділдігін атқаратын мемлекеттердің тәжірибелерін зерттейік. Одан соң алқабилер соты туралы заң жобасын жасауға кірісейік. Алқабилер соты сот билігінің әділдігін, оның тәуелсіздігін күшейтудің бірден-бір жолы, — делі. Қанша дегенмен де алқабилерді сот процесіне қатыстыру біздің бұрынғы билер сотының үлгісіне жақын келетін төреліктің бір түрі екенін жақсы сезіндік. Алқабилер ұлттық түсінігімізге, пайымдауымызға қайшы келмейтін, кешегі білікті билеріміз салып кеткен әділ билік жолын сот ісінде жанаша ұстануымызға үлкен мүмкіндік берді. Алқабилер атауы да халықтың көңілінен шығып, жүрегіне жылы тиді.

Осы басқосудан кейін-ақ Жоғарғы Сот алқабилер сотын құруға белсене кірісіп кетті. Қайрат Мәми Жоғарғы Сот және жергілікті сот судьялары әлденеше рет алқабилер соты бар шетелдерге, соның ішінде Америка Құрама Штаттарына, Еуропаның біраз мемлекетіне, Ресейге алқабилер сотының тәжірибесімен танысуға, зерттеп білуге жіберді. Ол кісінің бастамасымен алқабилер сотына қатысты халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар өткізілді. Алқабилер соты туралы алғашқы заң жобасы дайындалды. Бұл жоба еліміздегі заңгерлер қауымдастығында кенінен талқыланып, қызу пікірталастар туғызды.

Негізінен, әлемдік сот тәжірибесінде алқабилерді қатыстырып іс қараудың екі формасы қалыптасқан екен. Оның біріншісі — англо-саксондық түрі. Бұл үлгі бойынша алқабилер қылмыс жасалды деп айыпталған адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін өздері ғана шешіп, шешім қабылдайды. Ал екіншісі — континентальдық түрі. Бұл үлгіде алқабилер адамның кінәлі немесе кінәсіз екенін кәсіптік судьяның қатысуымен бірге отырып шешеді екен. Біздің мемлекетіміздің сот жүйесіне осы екеуінің қайсысы лайықты екенін ұзақ уақыт талқылады. Ақырында еліміздің сот жүйесіне континентальдық үлгі лайықты деп тоқталдық. Осылайша, алқабилер сотына байланысты заң жобасын дайындау, оны өз дәрегіне жеткізіп, талқылап, бекіту алты жылға созылды.

Осы тұста айта кетейін, Жоғарғы Соттың Төрағасы ретінде Қайрат Әбдіразақұлының табандылығын, үлкен беделінің арқасында біздің елде Алқабилер соты туралы заңдар басқа мемлекеттермен салыстырып айтқанда, қысқа мерзімде дайын болды. Жан-жақты әбден пысықтаудан өткен соң 2006 жылдың екінші жартысында Парламентте қаралып, қабылданып, бұл заң 2007 жылдың бірінші қаңтарынан бастап күшіне енді. Еліміздің

сот жүйесінде алқабилерді қатыстырып қылмыстық істерді қарау осылайша басталған еді. Ең бірінші қылмыстық іс алқабилердің қатысуымен Солтүстік Қазақстан облыстық сотында қаралғаны әлі есімде.

Қайрат Мәми Жоғарғы Сотқа Төраға болған жылдары еліміздің сот жүйесіне орасан еңбек сіңірді. Соттарға ең қажеті жақсы да жайлы жұмыс орны ғой. Ескірген сот ғимараттарына күрделі жөндеу жасатып, әбден тозығы жеткендеріне жана ғимараттар салғызды. Материалдық-техникалық тұрғыдан ең үздік заманауи құрал-жабдықтармен жабдықтап берді. Осылайша, судьялардың алаңсыз жұмыс істеуіне барынша мүмкіндік туғызды. Олардың еш нәрсеге мұқтаж болмауы үшін соттарға әркез үлкен көмек, қамқорлық жасауды үнемі өзі қадағалап отырды. Судьялардың әлеуметтік жағдайларын жақсартуға әрдайым көп күшін жұмсады. Әсіресе, зейнетке шыққан судьяларды ешқашан назардан тыс қалдырмайтын.

Шырамын 2004-2005 жылдары Жоғарғы Сотқа әркез ұзақ уақыт еңбегі сіңген Кеңес Жалмұхамбетов, Сәтбек Дулатбеков ағаларымыз, Тиышты Тоғымбетова апамыз бастаған біраз судья зейнеткерлік жасқа жеткен еді. Ол кезде зейнеткерлік жасқа жеткен судьялар қазіргідей құрметті отставкаға шықпайтын. Қатардағы жай зейнеткердің зейнетақысын алып, сонымен шектелетін. Сот жүйесінде ұзақ жыл жұмыс істеген ағалар мен апаларымыз, қателеспесем, сол жылдары сегіз-тоғыз мың тенге көлемінде ғана зейнетақы алатын еді.

Жоғарғы Соттағы еңбекқаны және басқа да шығындарды үнемдеу арқылы бұл судьяларға олардың біржылдық мөлшерінде алатын еңбекақысына тең келетін қор жинап, қолдарына ұстатып, зейнеткерлікке салтанатты түрде шығарғанда Қайрекеңе Жоғарғы Сот ұжымы ерекше риза болған еді.

Сонымен қатар Қайрат Әбдіразақұлы өзі Төраға болып тұрғанда жасы жеткен бұл ағаларымыз бен апаларымызды бірден зейнеткерлікке жіберген жоқ. Оларды жас судьяларға жол көрсететін, мол тәжірибесімен бөлісетін ақылман ағалар ретінде тағы да екі жыл Жоғарғы Сотқа қызмет істеуге қалдырды. Мұндай қамқорлық ол кісілерді қайта жігерлендіріп, олар сот ісіне елеулі үлесін қосты. Осындай құрмет оларды ерекше қуанышқа бөленгені әлі күнге дейін көпшіліктің жадында. Біраз жылдан кейін судьялар құрметті отставкаға шығарда екі жылдық еңбекақысын алатын занның қабылдануына өзі ұйытқы болып, зандастырып берген еді.

Осы тұста тағы бір игі істі айта кеткімші. Қайрат Мәми Жоғарғы Сот және жергілікті соттардағы судьялардың еңбекақысын көтеруге күш-жігерін аямай жұмсап, оны бірте-бірте жүзеге асырды. Судья — алда адам баласы, кейде

пенделікке салынып, оғаш басады, қателіктер жібереді. Қайрат Әбдіразақұлы осындай судьяларды жазаға тартқанда комиссия мүшелерін адам тағдырын шешуге байыппен қарауға, қателеспеге шақыратын. Ол кісінің аузынан ешқашанда: «Ол судьяны міндетті түрде жазалау керек немесе жұмыстан шығарыңдар» деген сөздер шықпайтын.

Қайрекең Жоғарғы Соттағы жасы ұлғайып, сол кезде зейнеткерлікке жеткен және жетіп қалған судьяларды судья ретінде ғана емес, әрдайым ақылшы аға, апа ретінде үлкен құрметпен қарайтын. Бұл Қайрат Әбдіразақұлының қарапайым, кішіпейіл екенін көрсететін. Сол үшін де Жоғарғы Соттың да, жергілікті соттың судьялары да Қайрат Әбдіразақұлын әлі күнге дейін құрмет тұтады, қадірлейді. Әр кезде жақын жанашырындай сезініп жүреді.

Бірде Жоғарғы Соттың отставкадегі судьясы 80 жасты алқымдап қалған Кеңес Жексембекұлы ағамызбен кездесіп қалғаныма ол кісі Қайрат Әбдіразақұлының соттарға жасап жатқан жақсылығын айтып, көзіне жас алып ризашылығын білдірген еді.

Қайрат Мәמידі тек еліміздің судьялары емес, қазақтың бар болмысын бойына сіңірген, ұлтжанды азамат ретінде бүкіл қазақ халқы құрметтейді, ерен тұлға ретінде таниды. Ол кісінің адамгершілігі, азаматтық тұлғасы туралы айтқан, елімізге белгілі ақын-жазушылардың, мәдениет, өнер санлақтарының, қоғам қайраткерлерінің жүрекжарды пікірі де көп. Енді өзім куә болған бір жағдайды айтайын.

Бірде жұмыстан шығып келе жатсам, Жоғарғы Сотқа Роза Бағланова апамыз жалғыз өзі баспалақпен көтеріліп келе жатыр екен. Роза апамызды көре салысымен жанына келіп амандасып, қолын алып «Кімге келе жатырсыз, апа?» — дедім. Роза апамыз:

— Қайратжаным келе жатырмын. Әділдікті сүйетін жүрегінен айналамын! Жасай берсін, халқымын қанаты болып, — деп өзінің туған баласына келе жатқандай мейірінен сөйлеп еді. Мен ол кісіні қолынан демеп, Қайрат Әбдіразақұлының қабылдау бөлмесіне дейін апарып, кіргізіп жіберген едім.

Бүгінде Қайрат Әбдіразақұлы құрметті отставкаде, отбасының қасында. Өзіміз үйлену тойларының куәсі болған, сүйікті жұры Мақпал екеуі немерелерінің жанында, адал еңбегінің зейнетін көріп, беймарал тіршілік кешуде. Ақылды ата-ана өзі шыққан биігіне риза бола отырып, енді өзімен оған ұқсас тәрбиелеп өсірсем деп армандайды. Бүгінде өзі таудай әке болған Қайрат Әбдіразақұлы парасаты ұрпақ тәрбиелеп отырған ардақты АТА, алдияр АҚСАҚАЛ. Өзінің әке туралы ой-толғанысында Қайрекең: «Балаға, немереге деген махаббаты еш нәрсеге — қызметке, дүниеге ауыстыруға болмайды. Артына қанша байлық тастап кетсең де, ол ұрпағына өмірлік азық болмайды. Олар үшін таусылмайтын азық — білім, содан кейінгісі — әке туралы жақсы сөз, жақсы атай. Халқымыздың «Жақсы өзенін абырой-атағы балаға қырық жылға азық» деген. Міне, осылар ғана балаға, немереге таусылмас ризық болады. Осы тұрғыдан қарағанда, мен өте баймын» деп жазыпты. Аса ұлағатты сөз!

Адамның көңілін табу, ақылмен ғана келеді. Ақылды сабырлылығымен ұштасқан, иманы жүрегіне ұялаған адам — ол ерқашан да қарапайым. Ешқашан шалқаймайды, өзін басқа адамнан жоғары ұстамайды, досын құрмет тұтады, жан дүниесі бай, рухы күшті келеді, адамға жаны ашып тұрады. Ондай адам қандай жоғары қызметте жүрсе де, ешқашанда мінезі өзгермейді, сол қарапайым күйінде қалады. Күнде кездеспесең де, анда-санда кездесіп, әңгімелесе қалсаң жаның жай тауып, жадырап қаласың.

Осындай құдай берген асыл қасиеттерінің арқасында қазыналы жүрегі иманға толы Қайрат Мәми үш мәрте Жоғарғы Соттың Төрағасы, Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры, еліміздің Парламенті Сенатының Төрағасы, Конституциялық Кеңестің Төрағасы лауазымдарын үлкен абыроймен атқарды. Зейнетке шығардан бұрын Конституциялық Соттың сәулет-көркі келіскен ғимаратын ерекше талғаммен салдыртты. Жаңадан құрылатын Конституциялық Соттың құрылымын, атқаратын функционалдық қызметін, қадірлік-шаттық кестесін бекіттіріп, тап-тұйнақтай етіп дайындап берді. Бұл — Қайрат Мәмидің Отан алдында атқарған адал еңбегінің тағы бір ерен көрінісі. Бүгінде еліміздегі сот билігінің төрелігіне жақсы жағдайда жұмыс істеп жатқан Конституциялық Сотқа зор мүмкіндік жасап берген Қайрат Әбдіразақұлының ерен еңбегін олар да ерекше құрметтеп, ардақтауда.

Қайрекең зейнетке шықса да бойындағы терең білімін, ақыл-парасатын ендігі кезекте жас ұрпақтың кемелденуіне беріп жүр. Бүгінде қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің директоры қанесінің төрағасы. Қажырлы да қайратты күш-жігерін өзі түлеп ұшқан университеттегі студенттердің оқу-біліміне, тәлім-тәрбиесіне ерекше ынта-ықыласпен жұмсауда. Еңбегі жанып, жасына жас қосыла берсін!

Әділ ҚҰРЫҚБАЕВ,  
Жоғарғы Соттың  
отставкадегі судьясы



**Қоғамдық сананы өлдің тағдырына жазған тарихы мен мәдениеті қалыптастырады, ал санасы жетілмеген қоғамның ұлттық болмысы да рухани бірлігі де кенже қалады. Демек, тарих тағылымының төлімді тәрбиесі халқымыздың бүтін өл болуы мен мемлекет руханиятын шыңдайтыны аян.**

**Ұлтымыздың тағдырына жазған тарихи оқиғалардың бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс. Бұл соғыстағы өл күйзелісін ербір отбасы тартып, бір кісідей жұмылып көтере білді. Ал 6 миллион халықтың 1,3 миллионы майданға аттанса, тылда қалған отбасы, бала-шаға, ұрпағы соғыстың қажетіне аянбай еңбек етті. Соғыстан оралмаған 400 мыңнан астам боздағымыз ата-ана үмітін үзіп, жесір өйелді, жетім баланы зар илетіп, қабырғасын қайыстырды.**

Ұлтымыздың ұландары Кеңес идеологиясы үшін емес, Отаны үшін, елі үшін, отбасы үшін, туған жері үшін соғысты. Сұрапыл соғыстың әр күнінде елде қалған ата-анасы, аяулы жары, балалары, ел-жұртының бейбіт аспаны үшін жанын шүберекке түйді. «Елі – ерім, Ері – елім» деп еңіреген қилы заман болды.

Жылдар өткен сайын соғыс сабақтарының қоғамға берер рухани тәрбиесі де жадымыздан өшіріле берері заңдылық. Ол аз десеңіз, идеологиялық вакуум мен бүгінгі қоғамның, әсіресе жастар санасындағы бос кеңістіктің орнын әлеуметтік желі арқылы толтырып жатқан батыстың көзқарасы бұл соғыстың тарихи мазмұны мен маңызы ұрпақ санасынан өшірілуін тездетуде.

Соғыс елге қайғы мен күйзеліс әкелсе де, сол күйзелісті жеңе білген қоғамдық бірлік пен ынтымақ, төзімділік пен қайрат, ақыл мен тәртіптің сұрыпталуын қалыптастырды, болашаққа үмітпен қарауды үйретті. Мұны ұрпақ сабақтастығымен ұзақ жылдар бойы үзбей жалғастыра алу биліктің қасиетті қызметінің бірі екенін айту қажет.

Соғыс сабақтарын есімізде сақтаудағы міндетіміз – ең алдымен, майдан даласында ерлікпен жанын қиған, сол сұрапыл күндерде бар ауыртпалықты ерлігімен еңсерген майдангерлерге деген құрмет. Соғыстың ауыр зардаптарға әкелетінін кешегі бауырлас елдердің бүгінгі түсініксіз қанды қақтығысынан да көріп отырмыз, оған неқұрайлылық танытудың өзі де ауыр қылмыс екені ақиқат. Әйгілі ойшыл Аристотель «Соғыс ұмтылғанда жана соғыс басталады. Оны есте сақтау – соғыстың басты жауы» деген екен...

Кешегі сұрапыл соғыстың ішінде оқ боранда отқа оранып, менің әкем Әбсаттаров Бектай Әшірбекұлы да қияметтің күнін кешті. Жалаң шұлғау ораған етігімен толарсақтан саз кешіп, қарша бораған оққа қарсы тұрды. Кездейсоқ жарылып жатқан мина алаңынан жанын шүберекке түйіп өтті, жаңбырдай жауған снарядтар мен бомбалардан аман қалды, пеш болып қызған темір танкінің ішінде де оттай жанды... Біз бұнын бәрін кинодан ғана көрдік.

Шегінерге жер жоқ, артында – Отаның, туған жерің! Еліңді, жеріңді қасық қанын қалғанша қорғау – атабаңның аманаты, жаудың бетін қайтару – азаматтың қасиетті борышы!


Әкем соғыс қасіреті туралы көп айтпайтын, сұрақ қойған адамға естімеген сияқты кейіп танытатын. Әлде менің көрген қияметімді ұрпағым түсінде де көрмесе екен, құлағы да естімесе екен деген тілеуі шығар. Ол елге оралып, еңбек етіп жүрген кезінде еңсерген шаруаларын да мақтан етпейтін. Аз сөйлеп, көп іс тындыратын біртоға түйық адам болатын.

Әкем кешегі Ұлы шайқасқа өлім үшін емес, өмір үшін аттанды. Өмірге деген құштарлығы үнемі алға жетеледі. Ол өлімді өмірмен жеңу үшін оған күн сайын қарсы тұрып, бетпе-бет келді...

#### ҚЫРЫҚ ЖАМАУ ЖАРАҚАТ

Соғыс басталған жылы әкем Қарсақбай мыс қорыту зауытында істеп жүреді. «Елімді, жерімді қорғау – менің міндетім» деп түйген ол жасы 18-ге толмай өз еркімен сұранып, майданға аттанды.

Соғыстың алғашқы күндері майданның алдыңғы шебінде 353 пулеметтік-артиллериялық батальонның химиялық барлау взводы құрамында қанды ұрысқа кіреді... Терендігі кеудеден келетін ор қазып, күздің ызғарында батпаққа батып, су кешіп, түні бойы жауды аңдыды. Ордың іші таң атқанша суға толып қалады, басын сәл көтерсе,



# ОТПЕН ӨРІЛІП, ОҚПЕН ЖАЗЫЛҒАН ШЕЖІРЕ

оққа ұшады. Құрыш тұлға әкеміз осылай тұн қатып, мұз жастанған. Басқыншылардың майдан шебінде газ шабуылын болдырмауын қадағалап, алдын алып, жау тылында қарсы әрекеттерді іске асырады. Сондай бір барлау тапсырмасын орындауда Старое Руссо қаласының түбінде ми батпақпен үш жауынгер майдан шебінен өтіп, жау тылында құрылған мина қақпанынан өтеді. Немістер сол мезетті байқап қалып, оқ жаудырады. Алды – оқ боран, арты – мина алаңы. Жауынгерлер жанқиярлықпен алға ұмтылғанда оққа ұшып құлаған әкемің аяқ астында мина қоса жарылады. Ауыр жараланып, ес-түссіз қалған әкемді қаруластары дала госпиталына жеткізеді. Содан соң Кострома қаласына аттандырып, жаракатынын тым ауырлығынан, одан әрі Чусовой қаласына жөнелтеді. Денеге қадалған мина жарықшақтарын алу қиынға соғады, қанша жарықшақ денеге дарыса, сонша рет етін кесіп, ота жасалады. Шықпаған жан қырық

#### ШОЙЫН ДА ОТТАЙ ЖАНДЫ

Әкем тарихта атышулы Курск Доғасында танкілер бетпе-бет тірескен ең ірі шайқастың бел ортасында болды. Прохоровка селосы маңында екі жақтан мың жарымға жуық танк қатысқан қырғын шайқаста шойын танкілер шоктай балқып, оттай жанады. Үш күн, үш түн қатарынан оқ бораған қара түнектің астында қияметті басынан өткерді... Танк снаряд атқан сайын оның іші қалың түтінге толып, экипаждың тыныс алуы қиындай түседі. Отқа оранған дала элем-тапырық. Аспан айналып жерге түскендей. Қалың өрт, ештеңе көрінбейтін қою кара түтін. Танкілердің гүрілі мен жарылған бомбаның дүрсілі құлақ жарайды. Жан-жақты бағдарлау мүмкін емес. Әкем ішке таза ауа енгізіп, айналаны барлайын деп танкінің жоғарғы қақпағын ашып, басын қылтатқаны сол еді, құлақтың түбінен шың еткен қатты жарылыстан есі танып, ішке құлап



пышақ тілсе де, шыдайды екен... Тек өкпеге барып қадалған жарықшақты алуға мүмкін болмайды. Сол оқ соғыстан кейін де әкемің кеудесінде жер қойнауына бірге кетті... Әкемің дене еті тілім-тілім кесіліп, алынған оқтын ойық орнынан сау жері болмағанын көзіміз көрді... Ұшайлық ұзақ емделуден соң денесі қырық жаммау сарбаз 19-жаттығушы танк полкінің мектебіне жіберіледі. Оны Т-34 танкінің командирі лауазымында үздік бітіріп шығады...

түседі. Есін жиып қараса, жаудың снаряды ашылған люкті жұлып өкеткен екен. Егер қас-қағым кешіккенде өз басы да люкпен бірге ұшатын еді. Бұл жолы да Алла сақтады.

Снарядтар таусылып, ататын оғы қалмайды. Қаптан қалың танкілердің ішінде танк зеңбірегімен көздеуге ыңғайланып, қолденен зымпырап келе жатқан «Тигрді» көреді. Өткен снаряд жоқ. Соғыс заны – тек бірінші болып қимылдау керек, әйтпесе құрыдың! Әкеміз дереу шешім қабылдайды,

қапталдан шыға келіп, қатты жылдамдықпен неміс танкісін бүйірден соғып, аударып тастайды... Тараннан кейін соңғы күшін жинап, жалындап жанып жатқан танкіден әзер шығып үлгереді. Құлақ тұндырар қатты соққыдан контузия алады, одан кейін не болғанын білмейді. Санитарлық бөлім палатасында есін жияды...

Курск қырғынынан аман шыққан танкист әкеміз Украина жеріндегі Житомир, Черновица, Каменец-Подольск, Бердишев, Козятин қалаларын азат етуге тікелей қатысады. Польшаның астанасы Варшаваны басқыншылардан босатты. Глыня, Данциг, Фридрихсфельде, Карлхорст, Биркенбердер қалаларының түбіндегі өліспей беріспейтін қорғаныста тұрған жау әскерлерін жоюға қатысты.

#### БҰЙРЫҚ – БЕКІНІСТІ БҰЗУ

Кеңес әскерінің Польшаны азат етіп, Германияға шабуыл жасауына стратегиялық жол ашатын Висла өзені бойындағы атышулы Сандомир бекінісінде жаудың ірі қорғанысын бұзу үшін үш күн, үш түнге созылған шайқастың ішінде әкем соғысқан танк бригадасы да болды. Немістердің оқ ататын зеңбірек нүктелерін анықтап барлау үшін әкем бастаған үш танкіні «кармаққа жем салған сияқты» майданның ең алдыңғы шебіне жібереді. Олар жан-жақтан зеңбіректердің атқылап жаудырған оқ боран өтінде әдейі бөгеліп, өлімге саналы түрде басып, жаудың назарын өздеріне аударады. Бір кезде танкіге снаряд тиіп, лапылдап отқа орана бастайды. Экипаждың

радист атқышы мен механик жүргізушісі де оққа ұшады. Қатты жаракат алған әкем ақырғы күшін салып, жанып жатқан танкіден сыртқа ұмтыла құлайды... Есін бір жиганда, майдан алаңында жаралы жатқан жауынгерлерге оқ атып жүрген немістердің дауысын естиді... Әкеміз қолына «лимонка» гранатын алып, сақинасын ағытып, оны бармағымен қысып ұстап, кеудесіне басып, «Жаныма таянып келсе, өзімді де, оларды да бірге қосып жарып жіберемін» деген оймен олардың келуін күтіп жатады... Көз алдына туған ауылы, әкесі, шешесі, бауырлары елестеп, жарық дүниенімен қош айтысып жатып, өбден қансырап, қалжыраған әкем есінен танып, көзі ілініп кетеді... Қанша уақыт жатқаны белгісіз, кеудесіне қатты батқан гранаттан ауырсынып, оянып кетеді. Көзін ашса, айнала түн екен, тым-тырыс, алыстан атылған оқтың жаңғырығы еміс-еміс естіледі, немістер көрінбейді. Кеудесіне батқан гранатаның сақинасы ағытулы екені есіне түсіп, сақинаны орнына бекітеді. «Есімді білмеген күйде байқамай кеудеме басқан алақанымды ашып жіберсем, немістен бұйырмаған оқсыз-ақ гранатаммен бірге жарылып кететін едім...» деген қорқынышты ойдан шошынып, жалма-жан есін жиып алады.

келіп, қолындағы жалғыз гранатасын пулемет ұясына лақтырады. Граната жарылған кезде алға қарай жанұшыра жүгіре жөнеледі. Қанша уақыт жүгіргені белгісіз, қансырап, әлі құрыған әкем есінен танып құлап түседі... Біраз уақыттан соң көзін ашып, көпке дейін қандай күйде екенін түсіне алмай жатады... Таң атып, айнала жарық бола бастаған кез секілді. Майдан шебінен аман-есен өткеніне көзі жетеді. Ептеп қозғалып, қанға малынған денесін сүйретіп, келесі күні өзінің әскери бөлімін тауып алады. Бөлім штабына келсе, әкемді «ерлікпен қаза тапты» деп, еліне «қара қағаз» жіберейін деп жатыр екен...

#### БЕРЛИН ОТ БОЛЫП ЖАНЫП ЖАТТЫ...

Әкем Берлинге шабуыл жасау кезінде атакты қолбасшы генерал М.Катуков басқарған 1-ші гвардиялық танк әскері құрамында Берлинге ең алғашқы басып кіргендердің қатарында болады. Ең соңғы шешуші шайқаста жау өліспей беріспейтінін көрсетті. Соғыстың алғашқы күнінен кешкен «қырғын қияметтен» соң Жеңіске бір қадам қалғанда, «ертең тірі боламын ба?» деген ауыр ой әкемді қатты мазалайды... Қаншама боздақтар соғыстың ең соңғы күндері оққа ұшып, жер жастанғаны, әрине, өкінішті жағдай...

«Берлиннің әрбір көшесі үшін ауыр шайқастар басталды. Майдан шебі Рейхстагтан алыс емес «Тиргарен» паркіне тірелетін Вильгельмштрассе көшесі арқылы өтіп жатты. Танкілерге фаустатқыштар кедергі жасады, немістер канализация құдығынан, үй жер-төлесінен көшеге шыққан танкілерді ата бастады. Қай жаққа қарасаң да біздің танкілер жанып жатты. Танк ішінде отқа орансаң, сыртта оқ боран түтеп тұр. Оқ пен оттың арасында бір ғана таңдау – тек алға ұмтылу, Рейхстагқа табан тіреп, жеңіс туын желбірету... Біз де фаустатқыштарды аямай атқылаймыз. Тіпті, танкіде экипаждың біреуін ғана қалдырып, жаяу әскермен бірігіп, автоматпен қаруланып, жер-төселердегі атқыштарды іздейміз. Үй терезелерінен атқыштар көріне қалса, танк зеңбірегімен жарқыншақ снарядты жаудырамыз. Бұрын бір снарядты жаудың бір топ әскеріне жұмсақ, енді оны бір фаустатқышқа жұмсауға тура келді. Үй терезелерін атқылап отырып, Берлиннің көшелерімен күн сайын жүз қадам ғана жылжымыз... Көшедегі кескілескен танкі шабуылдары іркілісте болды... Біздің танкіміз Рейхстаг іргесіне келіп тірелген кезде де екі жақ бір-біріне үздіксіз оқ жаудыруын бір мезет те тоқтатпады.

...Танкінің радиоқабылдағышы арқылы 2 мамыр күні таңертең армия қолбасшысының оқатуды дереу тоқтату туралы бұйрығын алдық. Бұл қуанышты хабар еді. Өбден қажыған жауынгерлер мен офицерлер мәз болып, бір-бірін құшақтауға ұмтылды. Әрқайсымыз аспанға оқ атып, басқиншылар жоғары лақтырып жатты. Жау жеңілгенін мойындап, біржола берілді. Жеңіс күрметіне салют аттық. Берлин от болып жанып жатты...» – деп, әкем соңғы шайқастың қаншалықты ауыр болғанын баяндаған еді. Мен мұны өз аузынан естімесе де, ардагер досының ертеректе газетке жариялаған макаласынан оқып білдім.

Соғыс жылдары көрсеткен ерлігі мен батырлығы үшін гвардия сержанты – әкем Бектай Әбсаттаров екі «Қызыл Жұлдыз», «III дәрежелі Даңқ» «II дәрежелі Отан соғысы», «I дәрежелі Отан соғысы» ордендерінің және «Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін», «Варшаваны азат еткені үшін», «Берлинді алғаны үшін», «Шайқастағы еңбегі үшін» әскери медальдардың иегері болды.

Бұл әкемің бастан кешкен отпен өрліген оқпен жазылған отты жылдар шежіресінің бір бөлігі ғана. Осы мақала әкемің жеке мұрағатынан алынған деректер және оның көзін көрген майдангер, замандастарының айтқан естеліктері бойынша жазылды.

Қазір елімізде көзі тірі соғыс ардагерлері саусақпен санарлықтай ғана. Халқы 90 мыңнан асатын Жезқазған қаласы Отан соғысының ең соңғы майдангерін өткен жылы атық сапарына шығарып салды. Жүрегі елім деп соққан әкем де бүгін бұл өмірге жоқ, оның өмірге келгеніне биыл – 100 жыл. Майдангер әкелердің ерлігінен тәрбие алу – бүгінгі ұрпақтың қасиетті парызы! Әкемің ерлік істері, еліміздің өркендеуіне қосқан ерен еңбегі жайлы өнегелі өңгімелерді келер ұрпақтың білгені абзал. Ол кісінің тағдырына елді ашаршылыққа ұрындырған Кеңес үкіметінің солақай саясатын, Отан соғысының қанды қырғыны мен Қайта өрлеу кезенін, социалистік дәуірдің күйреуі мен Тәуелсіздіктің де алғашқы дағдарысты кезеңін көруді жазған екен.

Әкемің толық өмірбаяны мен бейбіт өмірде еліне сіңірген ерен еңбегі – ол өз алдына бөлек әңгіме...

Кешегі күні ел қорғаған әкелердің де, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеген аналардың да тілегі – елдің тыныштығы!

Біз де тәуелсіз мемлекетіміздің тұғыры берік, аспаны ашық болып, еліміздің өсіп-өркендей беруі үшін адал еңбегімізбен үлесімізді қосамыз деген ниетімізді айтамыз.

Қайрат ӘБСАТТАРОВ,  
Астана қаласы



## ӨЗГЕГЕ ӨМІР СЫЙЛАҒАҢДАР

Отан сөзінің ұясы кең. Елін, халқын соғыс уақытында ғана емес, бейбіт күнде де қорғап, ерлік көрсетіп батыр атануға болады. Қазір жұмыс бабында жүрген тұрғындар мен азаматтар арасында әртүрлі өмірлік қиындықтардан аман сақтап қалған ержүрек жандар аз емес. Елеусіз жүріп оқыс оқиға кезінде біреуге қол ұшын созу – кез келгеннің қолынан келе бермейтін іс. Осындай тәуекелге бел буған батырлар туралы Отан қорғаушы күніне орай әңгімелеуді жөн көрдік.

### СЫМБАТ БАУЫРЖАНҚЫЗЫ

Астана қаласында өрттен үш сәбиді аман алып шыққан аркалықтық Нұрсұлтан Исмағұлов туралы телеарналар мен баспапар жарыса жазған болатын. Естеріңізде болса, осыдан үш жыл бұрын өрт шыққан көпқабатты үйге сексенбей көтерілген студент Нұрсұлтан ерлігі әмбеге аян. Досымен серуендеп жүрген ол айқай шыққан жаққа ойланбастан бет алған.

«Қателеспесем үйде төрт бала болды. Мен үшеуін сыртқа шығарып үлгердім. Сол кезде өрт сөндіру қызметі келіп үлгерді. Үшінші қабатқа дейін баспалдақ арқылы көтерілдім де, ұйықтап жатқан кісіні ояттым. Өрт төртінші қабатта болып жатыр. Сол сәтте басымды қатерге тігіп жатырмын – ау деген қобалжу, қорқу сезімдері мүлде болмады. Өйткені бар ойым іштегі кішкентай сәбилерді аман алып қалу ғана еді. Егер бойымды қорқыныш сезімі жеңіп кетер болса, балалардың тағдыры басқаша болуы мүмкін еді», – дейді ол. Тұрақты физикалық жаттығулар мен ұдайы спортпен шұғылданғанының арқасында оқиға орнына жедел жеткенін айтты. Кешке қарай тынымсыз қонраулар келіп, құттықтау жаудырғандар көбейгенін де жасырмады.

«Оқиға орнында көп болмай, түтіннің әсерінен басым ауырып қайтып кеттім. Терезені сындырған кезде қолымды жаракаттап алғаным болмаса, денсаулығым ешқандай зақым келген жоқ. Бірақ сыртқа шыққан соң мені біреу суретке түсіріп алғанын байқадым. Оның журналист екенін кейін білдім. Содан оның түсіргені әлеуметтік желіде тарап кетті. Кешке туыстарымның құттықтауын естіген соң ғана суретімнің түрлі парақшада жүргенін көрдім», – делі бүгінгі батыры Нұрсұлтан. Ол әр адамның жүрегі дауалай бермейтін тәуекелге бас тігіп, ерлік жасар қадамға бару үшін бойда ата-ананың тәрбиесі мен жаныңызда адал достық болуы керек екенін айтты. Айта кетейік, Нұрсұлтан Исмағұловтың бұл ерлігіне университет жағы да ерекше назар аударыпты. «Өр



адам мұндай жағдайда көмектесер еді» деген Нұрсұлтанға университет «Еуразия мақтанышы» атағын берген. Одан бөлек, «Төтенше жағдайдағы ерлігі үшін», «Жомарт жүрек» төсбелгілерімен марапатталған.

Айта кетейік, Нұрсұлтан Исмағұлов қазір Астанадағы Қадыр Мырза Әлі атындағы BINOM SCHOOL мектеп-лицейінде денешынықтыру пәнінде оқытушылық қызметін атқарып жүр. Жүрегінде батылдық пен мейірім оты қатар лаулаған азаматтың ізгі іс-әрекеті өзгелерге үлгі болмақ.

Түрлі марапатқа ие болмай, халықтың алғысымен көсегесі көгеріп жүрген азаматтар да бар. Жақында тігінен тұрғызылған су құбырына түсіп кеткен баланы аман алып қалған шымкенттік Дастан есімді жас жігіттің әрекетін қазір бүкіл ауыл айтып жүр. Себебі қозғалуға мұрша болмайтын жінішке құбыр ішінде қалып қойған 2-сынып оқушысын дін-аман шығарып алу – көптің қолынан келмесі анық. Ойын баласы құбырға бірінші аяғын түсірген, артынан өзі де сырғи кетіпті. Достары

көмек көрсете алмаған соң, есігі ашық тұрған үйге келіп, Дастаннан жәрдем сұраған.

«Келсем балалар топырлап тұр. Құбыр ішіндегі баланың жоғары көтерілген қолы ғана көрініп тұр. Не сөйлемейді. Баланың өзі әрен сыйып, қысылып тұр. Абдырап қалғаным рас. Қолыма түскен ағашты алдым да, іштегі баланың қолына ұстатып, қолын сыртынан қыстым. «Мынаны қаттырақ ұста» деген ишарам ғой. Ол бекем ұстаған соң, ақырын жоғары қарай тарта бастадым. Шынтағына дейін көтерілген кезде бірден тартып алдым. Шынымды айтсам, шығарып алғаннан кейінгі қуанышымды жеткізе алмаймын», – делі ол. Адам бойынан биік құбыр ішінен жас баланы алып шыққан Дастанның әрекеті көптің құлағына шалынып, алғысқа бөленген.

«Бұл жасағанымды ерлік деп санамаймын. Құбырда қалып кеткен баланың сыртқа шығуға ұмтылысы зор болған соң, менің әрекетіме көмек болды деп айта аламын», – делі жүрек жұтқан Дастан.



Бір емес бірнеше рет оқыс оқиға салдарынан көмекке мұқтаж адамға қол ұшын созған Нұрсұлтан Жұмағазиев алғашқы ерліктерін мамандық тандауына қатысы болмағанын айтады. Ен бірінші рет 16 жасында бірден батыл қадам жасап, су тұңғығына кете жаздаған оқушы қыз бен ер баланы аман алып қалған. Кейіннен өзі де құтқарушы мамандығын тандаған екен. Арادا біраз уақыт өтпей, жаяу жүргіншілер көпірінен секірімек болған әйел туралы хабарлама келіп түсіпті.

«Желтоқсан айы еді, ауа райы суық болатын кез ғой. Бізге шақырту келген соң, дереу шығуымыз керек. Бұл – жұмыстың бірінші талабы, екіншіден, өміріне қауіп төніп тұрған адамды құтқару азаматтық борышымыз. Түскен хабарлама бойынша дереу оқиға орнына жетіп, суға батып бара жатқан әйелге қарай жүздік. Біз жеткен бойда қыз суға секіріп кетті. Өзіме берілген пәрмен бойынша, артынан мен де суға секірдім. Сол кезде су полиция қызметкері де қайықпен жетті. Жүкті әйелді қайықтың бортына көтеріп, жағаға алып шықтық. Ол кезде ес-түссіз жатқан болатын. Мұндай жағдайда бізге көрсетілуі керек алғашқы көмек туралы үйреткен болатын. Сол сәтте дереу жүрекке массаж жасап, жасанды тыныс алу арқылы алғашқы медициналық көмек көрсетуге кірістім», – делі бүгінгі күннің батырларының бірі Н.Жұмағазиев. Нұрсұлтаннның батыл әрекеттерінің арқасында жедел жәрдем келгенге дейін әйелге барлық алғашқы көмек түрлері көрсетіліп үлгерген. Асау толқынмен жағаласып, өз өмірін қатерге тіге отырып, өзгенің өмірін құтқарып қалу оңай емесі анық. Сондықтан ержүрек азаматтың ісі елеусіз қалмасы да белгілі. Жұмыстағы ептілігінің арқасында жүкті әйелдің өмірін сақтап қалған Нұрсұлтан Президент Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ал қазір Атырау қаласының Полиция департаментінде жұмыс істейді.

Бүгін ел басына күн туғанда жанын шүберекке түйіп, өмірдің қызыл жалынына күйіп, рухын көрсеткен азаматтардың ізбасары көп. Қазір елдің алғысына бөленіп жүрген азаматтарды әңгімелеуіміз де сондықтан. Бүгінгің батырлары сын сәттерде адамгершіліктің жоғары деңгейін көрсетіп, ерлік танытып жүр. «Ешкім батыр болып тұмайды. Батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады». Бауыржан Момышұлының осы бір орамды ойы бүгінгі ұлдардың ерлігін дәлелдеп отырғандай. Жанқиярлық ерліктері үшін азаматтар қандай да болсын марапатқа лайық.

## ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДАҒЫ ҚҰРМЕТ

Мыңдаған шаңырақтың үмітін өшіріп, жауқазында жас жүректерді зар жылатқан сұрапыл соғыс жылдар өтсе де санадан өшкен емес. Қан майдандағы ата-бабаларымыздың батырлық пен ерліктері ел жадында сақталып келеді. Өткен тарихтың бүгінгі ұрпақ санасында жаңғыруына кітаптар, кинофильмдермен қатар, соғыс тақырыбындағы суреттер мен портреттердің де қосар үлесі аса зор. Бүгінгі өңгіме қылқаламымен қан майданда жауға қарсы айқасқан ауылдас ардагер жауынгерлердің портреттерін салып шыққан суретші туралы болмақ.



Соғыс ардагерлерінің өр рухы мен кескін-келбеті ерекше із қалдырып, бала қиялын қияға самғатқан суретші Ибрагим Исенов ауыл ардагерлерінің суретін салып шығуға бала кезден-ақ бел буыпты. Зеренді ауданына қарасты ат төбеліндей ғана Қызылсая ауылынан түлеп ұшқан белгілі суретшінің алғашқы тырнақалды туындысы да Халық қаһарманы Рақымжан Қошқарбаевқа арналған екен. Ауыл мектебінің оқушыларымен кездесуге келген батырдың сол кездесуде айтқан сөздері суретшінің құлағында әлі күнге дейін сайрап тұрғанын айтады.

– Рейхстагтың төбесіне ту тіккен, батыр Рақымжан Қошқарбаев біздің Қызылсая ауылына келгенде мен небәрі 9-сыныпта оқитынмын. Елдің еңкейген кәрісінен, еңбектеген баласына дейін клубқа жиналды. Ерлігіне ел сүйсінген хас батыр болғанымен Рақымжан аға өте қарапайым кісі екен. Еш кеуде керіп мақтанбастан болған жайды бүкпесіз баян етті. Рейхстагтың төбесіне ту тіккен сәтін ерекше тебіреніспен тыңдадық. Батырдың өңгімесінен рухтанып сол күннен бастап Рақымжан Қошқарбаевтың, Бауыржан Момышұлы сияқты батырлардан бастап, ауыл ардагерлерінің суреттерін сала бастадым, – дейді Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Ибрагим Исенов.

Қиялына қанат біткен сол бала арманымен соғыс тақырыбындағы суреттерді салуға кіріседі. Қылқаламынан казактың батыр ұлдары Бауыржан Момышұлы, Рақымжан Қошқарбаев сияқты отты бейнелер туады. Аркалық қаласында Педагогикалық институттың Көркемсурет факультетін бітірген соң да өзі мақсат еткен ауылдас ардагерлердің суретін салу ойынан шықпайды.

– Ол кезде ауылда ардагер өте көп болатын. Жүзге жуық болды ғой деймін. Соғыс ардагерлері бар, тылда еңбек еткендері бар, барлығы 64 адамның суретін салып шықтым. Портреттерді ауыл мектебінің музейіне сыйға тарттым. Аттай қалап сатып алғандар да болды. Бірқатарына жағдайына қарап тегін де тараттым. Қазір ағайын-туыстары алып кеткендері де бар екен. Мына кенепке салынған сурет соғыс ардагері – Молдаш ағамыздың суреті. Әлі есімнен кетпейді. Менің өкемінің көзін көрген кісі. Ол кезде 8-9-сынып оқитын кезім. Сол кездегі сөнге қызығып, шашымды өсіріп, шалбардың балағын кеңетіп киіп жүргенмін. Мені шақырып алды. «Сен кім баласың?» Әкемді білсе де сұрап тұр. Атын айттым. «Шашың мен балағыңды қысқартқаның жөн», – делі. Сөйтті де басымда кір сабынды жағып, шашымды ұстарамен тақырлап алып тастады. Айтқан өсиеттері әлі күнге құлағымда тұр», – дейді Ибрагим Исенов.

Ауылдас майдангерлердің тұтас галереясын салған суретшінің айтуынша, аядай ғана Қызылсая ауылынан екі бірдей «Қызыл жұлдыз» орденінің иегері шыққан. Бірі соғыстан

кейін ұзақ жылдар бойы мұғалім болып қызмет еткен Малкен Айтпаев болса, екіншісі Қайыркен Сәдуақасов.

Суретші кейбір суреттерді бірнеше жыл бойы салғанын да атап өтті. Мәселен, «Самғау» деп атаған тағы бір суретті салуға 20 жыл уақыт жұмсапты. Суреттің алғашқысына кенептің бетіне бір жасар баласының қолының таңбасы салынған. Одан кейін екіншісіне ұлының 20 жастағы алақан таңбасы басылды.

– Суретті бас-көз жоқ бірден сала салмайсың. Бір уақыт бір жерін салсаң, содан кейін уақыт өте келе қиялыңнан тағы бір дүние қосасың. Міне, бұл суретті «Самғау» деп атады. Суретте баламның өсіп еліне қызмет етер жақсы азамат болып өсуін тілегенмін. Міне, қазір Медициналық институттың екінші курсында оқып жүр. Жақсы азамат болып өсіп келеді, – дейді Ибрагим Исенов.

Бүгінде үш мыңнан астам туындысы жарыққа шыққан суретшінің еңбектері Қазақстан, Марокко, Испания, Грекия, Германия, Мальта, Корея, АҚШ сияқты ондаған мемлекетке жол тартыпты. Суретші көп жағдайда өз еңбегінің кей кездері қолды болып кеткенін де жеткізді. Мәселен, Аркалық қаласында болған сурет көрмесіне жіберген суреттері сол күйі қайтып оралмапты.

– Тұтастай бір үлкен сурет топтама ішінде эскиз-нобайлары да бар 1 500 суретім кетті. Күні бүгінге дейін ішім ашылды. Кейде түсіме де кіреді. Тағы бір суреттерім Грузия еліне кетіп, сол күйі оралмады. Мұның бәрі үлкен еңбек қой, – дейді суретші.

Суретші кейінгі буынға білген-түйгенін үйретпек мақсатта Краснояр селосының «Көкше» мәдениет үйінде оқушыларға арналған өнер студиясын ашқан. Нәтижесі де көңіл қуантарлық.

– Қазір бейнелеу өнеріне қызыққан балаларға арнап, өнер студиясын ашып жұмыс жүргізудемін. Тәрбиеленген 12 шәкіртім грантка оқуға түсті. 6 бала республикалық байқаулардан жүлдегер болып оралды. Балаларға акварельден бастап майлы бояуға дейін, ермексаздан бастап балшыққа дейінгі барлық саты бойынша білгенімді үйретудемін. Қазіргі балалардың мемлекеттік тілді білмей жататынына қамығамын. Сондықтан балаларға қазақша сөйлеуін талап етемін. Шәкірттерім сабағында бәрі қазақша сөйлейді, – дейді Ибрагим Исенов.

Қылқалам шебері елдің амандығы мен береке, бірлігі ең алдымен аға буынның ақыл-парасатына байланысты екенін айтады. Сондықтан да, қазір «Әже», «Ана» тақырыптарын салуды қолға алған. Суреттерінен батырлық пен парасаттылық, ізгілік пен камкорлықтың табы көрінетін суретші алдағы уақытта елдің өткені мен бүгінгі жайлы сыр шертетін суреттер салмақ ниетте.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ,  
Ақмола облысы





# КҮРКІРЕП КҮНДЕЙ ӨТТІ ҒОЙ СОҒЫС

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде талай қаракөздеріміз азаматынан айырылса, бүлдіршіндеріміз жетімдіктің қамытын киді. Оқ пен оттың ортасында көптеген тағдыр талқандалып, бір отбасының арқа сүйер азаматтары елге жарымжан күйде оралды.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ

Сол бір сұрапыл жылдары ер-азаматтармен қатар майдан даласына аттанып, ерліктің озық үлгісін көрсеткен нәзік жандыларымыз да аз болмапты. Оның ішінде қару асынып, жау әскеріне қарсы тұрған қыздардан бөлек, оқ пен оттың арасында жаралы жауынгерлерге дәрігерлік көмек көрсеткен қарлығаштарымыз қаншама.

Бүгінде олар жайында жазыла да, айтыла да бермейді. Дейтұрғанмен жаралы жауынгерлерге жарық сыйлаған мұндай нәзік жандыларымыздың енебегі ерен. Соның бірі – Сыр өңірінің қызы, соғыс және еңбек ардагері Рәзия Ысқақова.

Рәзия Шәкенқызы Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Жайылма ауылында дүниеге келіпті. 1936 жылы жеті жылдық мектепті тәмамдап, Шымкент қаласындағы Медициналық училищеле фельдшер мамандығын алады. Алайда соғыс өрті тұтанып, бейбіт өмірде мамандығы бойынша еңбек етуге мүмкіндік қалмайды.

Тандаған мамандығына деген шексіз сүйіспеншілігі болар, ол небәрі 19 жасында майданға өзі сұраныпты. Осылайша, 1941 жылдың қазан айында соғысқа әскери фельдшер болып аттанылды.

Қайсар қыз Украина майданында көзсіз ерліктің үлгісін көрсетті. Алғашқы күннен генерал-полковник П.Рыбалко қолбасшылық еткен данқты танк армиясының 55-бригада құрамында фельдшер болып, талайды ажалдан арашалағаны айтылады. Көзқорғандердің айтуынша, батыр қыз қарша бораған қорғасын оқтын арасынан талай жаралыны емдеп, екінші өмір сыйлаған. Бұл жайында сол кездегі дәрігерлік қызмет бригадасының бастығы, майор Бануловскийдің жазбаларынан да кезіктіруге болады. Онда фельдшер қыздың жанып жатқан танктен батальон командирі Федоров пен оның экипажын құт-



қарғаны айтылады. Оның ішінде 4 экипаж мүшесі мен жаралы 15 адамы бар делінген. Бұл Сандомир шайқасында болса керек. Ержүрек дәрігер қыз Сталинград, Курск шайқасына, Харьков, Киев және Варшаваны азат етуге де атсалысқан. Ақырғы айқас – Берлинді алу операциясының да күегері болыпты. Соңғы шайқастың өзінде қарша бораған оқтын ортасында жүріп, 44 жаралы жауынгерге медициналық көмек көрсетіпті. Осылайша, соғыс жылдарында бас-аяғы 400-ден аса жауынгерді ажалдан құтқарып, ерлігі ел есінде қалды. Тіпті, қажет кезінде жаралы аламан өз қанын да құйған сәттері болғаны айтылған.

Рәзия Ысқақованың соғыс кезінде көрсеткен ерен енебегі елеусіз қалмады. Кеудесіне «Қызыл жұлдыз» және «Жауынгерлік ерлігі үшін» секілді көптеген медаль тағылды. Бертін келе 1975 жылы Халықаралық Қызыл Крест комитетінің «Флоренц Найтингейл» медалі табыста-

лыпты. Бұл Сырдың қайсар қызының ерлігіне берілген ең жоғары марапат саналады. Олай дейтініміз, мұндай марапат Кеңес Одағы бойынша 26 медбике, Қазақстаннан 5 фельдшерге ғана берілген. Солардың қатарында Сыр қарлығашының табылғаны көпшіліктің көңіліне мақтаныш сезімін ұялатады.

Қазір Рәзия Ысқақованың есімі Сыр елінде ұлықталып, ерен енебегі туған ауылы Жаңақорған халқының жүрегіне мәңгіге сақтаулы. Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейінде қаһарманның майдан даласында өткізген сын сәттерінен мағлұмат беретін тың деректер де аз емес.

«Рәзия Ысқақованың ерен енебегін кенінен дәріптеу назардан тыс емес. Батыр апамыз ауданға қарасты Красный Звезда совхозының Жайылма учаскесінде 1922 жылы дүниеге келген. Соғысқа әскери фельдшер болып аттанған жерлесіміздің әрбір соқпақты жолдары оңай болмады. Мұны сол кезден жеткен көне құжаттардан аңғаруға болады. Қандай қиындықты да қайсарлығымен жеңе білген медицина қызметі лейтенантының ерен енебегі дер кезінде еленді деп айтуға болады. Ең бастысы, оған Халықаралық Қызыл Крест комитетінің «Флоренц Найтингейл» медалі табыстылды. Ержүрек дәрігер апамыз 2010 жылы дүниеген өтті. Десе де, оның ұлт болашағы үшін жасаған ерліктері өскелең ұрпақтың жадында мәңгіге сақталары сөзсіз», – дейді бізге Жаңақорған аудандық тарихи-өлкетану музейінің менгерушісі Ажар Жанаева.

Жаңақорған ауданынан майдан даласына 4 949 жауынгер аттаныпты. Оның 2 660-ы елге аман-есен оралса, 2 289 боздақ майданда ерлікпен қаза тапқан. Соның ішінде соғыс және еңбек ардагері, КСРО денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қызылорда облысының Құрметті азаматы Рәзия Шәкенқызының есімі төрткіл әлемге мәлім десек артық айтқандық болмас.

Қазір Сыр топырағынан шыққан дәрігердің өмір жолы мен ерліктерінен сыр шертетін құнды құжаттар Лондон мен Мәскеудегі музейге қойылған. Сондай-ақ еліміздегі Көкшетау мен Шымкент



қаласындағы мұражайларда да көптеген мәлімет бар. Бұдан өзге, сол кездегі танк бригадасының командирі, генерал-полковник, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Давид Абрамович Драгунскийдің

Сырдың батыр қызы жайында жазған «Роза – дочь казаха» деген повесінен де тың мәліметтер табуға болады.

Қызылорда облысы



# ҚАЛАМ МЕН ҚАРУДЫ ҚАТАР ҰСТАҒАН

Адамзат тарихындағы ең зұлмат соғыстың бірі – Екінші дүниежүзілік соғыс болғаны даусыз. Қанды майданға үлкені де жасы да, егінші де, малшы да аттанды. Отан үшін отқа түскендердің қатарында қаламгерлер де аз болмаған. Қалам мен қаруды қатар ұстағандардың шебінде жамбылдық жазушылар да сап түзеді. Оның бірі – соғыстан аман-есен оралса, енді бірі ерлікпен қаза тапты.




Саятхан САТЫЛҒАН

Жасыратыны жоқ, Ұлы Отан соғысында Қазақстан ерекше рөл атқарды. «Бәрі майданға», «Бәрі Жеңіс үшін» деген ұранмен ауыл шаруашылығынан бастап, барлық саладағы өнімдер майданға жөнелтілді. Бұл жайында белгілі тарихшы, академик Манап Қозыбаев мынадай дерек келтіреді: «Қазақстан соғыс жылдарында шын мәнінде майдан арсеналына айналды. Республика еңбекшілер майдан талаптарына сай еңбек ете жүріп, соғыста аса маңызды стратегиялық мән бар түсті металдар өндіруде өзінің одақтағы жетекші ролін нығайта түсті. Соғыс жылдары Қазақстан майданға және қорғаныс өндірісіне қажетті мыстың үштен бірін өндіріп отырды. Майданда аттыған он оттың тоғызын Қазақстанда құйылған қорғасыннан жа-

сады. Республикада сонымен бірге Қонырат молибден кен орны, Жездідегі марганец өндіру кен орны, Ақтөбедегі Хромтау, Ақшатау молибден-вольфрам, Текелі полиметалл комбинаттары жедел салынып, іске қосылды. Осының арқасында одақтық өндірісте молибденнің 60, висмуттің 65, полиметалл кендерінің 79 проценті Қазақстанда шығарылды», – дейді тарихшы.

Бұған Шымкенттің қорғасынын, Ембінің мұнайын, Орталық Қазақстанның түсті металын, Қарғандының көмірін қосыңыз. Бұл аз десеңіз, оқтан да қымбат қазақ даласынан майданға тонналап астық жөнелтілді.

Жамбылдықтар 1942 жылы Брянск майданына – 13, 1943 жылы Солтүстік Батыс майданына 16 вагон тауар жеткізген. Жаудан босатылған өңірлерге ұсақ малмен қатар жылқы да берді. Бір сөзбен айтқанда, қазақ даласы расында майдан арсеналына айналды.



Қазақтар тылдағы еңбектерінен бөлек, майдан даласындағы ерліктерімен де танылды. Женісті жақындатқан жазушылар Талас өңірінің тумасы Шона Смаханұлы, Кенингсберг түбінде ерлікпен қаза тапқан Рахымбай Құлбаев, ауыл мұғалімі болған Аманғали Сегізбаев, майданда дивизиялық газет редакторы болған Жайық Бектұров, өңірде жасқалған 105 атты әскер дивизиясы құрамында болған Мынатай Қыстаубаев пен Қалмахан Әбдіқалыровтың ерліктері өз алдына бір төбе.

Алматы қаласындағы Қазақстан Жазушылар Одағы ғимаратының кіре берісіндегі мәрмәр тақтада ұрыс даласынан оралмаған жазушылардың есімдері жазылған. Онда жамбылдық қаламгер Аманғали Сегізбаевтың есімі таңбаланған.

– Мұрағат құжаттарында Жамбылдан майданға аттанған жазушылар туралы дерек аз. Десе де, біз бірқатары туралы мағлұмат жинақтауға тырыстық. Мәселен, Аманғали Сегізбаев Қостанай облысы Ақсу ауылында туған. Молдадан хат танып, еңбек жолын ауыл мұғалімдігінен бастаған. Баспасөз беттерінде ойлы өлең, өткір мақала, фельетондарымен танылып, 1924 жылы Орынбор қаласындағы «Еңбекші қазақ» (қазіргі Egemen Qazaqstan) газетіне шақырылады. Соғыс басталар тұста ол осы

газеттің Жамбыл облысы бойынша меншікті тілшісі болған. Осылайша, Сегізбаев Жамбыл жерінен қан майданға аттанып отыр.

Талас өңірінің перзенті Шона Смаханұлы да ел басына күн туғанда қаламын қаруға алмастырған жазушы. Ол сатираның прозалық та, поэзиялық та жанрына қалам тербеген. Шона қысқа да нұсқа жазудың хас шебері болды. Оның ешкімге ұқсамайтын өзіндік қолтаңбасы қалды. Сондықтан халық қаламгерді «Шок тілді Шона» деп атап кетті. Бүгінде жазушының еңбектері кейінгі ұрпаққа мұра болып қалды.

Оңтүстік Қазақстан облысында ұзақ жылдар партиялық басшылық қызметте болған жазушы Әбжапар Жылқышиев те майданға туған жері қазіргі Тұрар Рысқұлов ауданынан аттанған. Құлдан жеріндегі бір ауыл осы кісінің есімімен аталады. Ал Қордайдың Шарбақты ауылында 1925 жылы дүниеге келген Сансызбай Сарғасқаев – соғыстан елге аман оралған қаламгердің бірі.

Жазушы Жайық Бектұров та майданға Жамбыл жерінен аттанған. Ол 1939 жылы Жамбыл облысы құрылғанда Алматыдан облыстық газетке бас редактор болып келген. Сол жылдың қарашасынан 1942 жылдың мамырына дейін осы қызметті атқарған.

Ақмола облысы, Қызылағаш ауылының тумасы Жайық Бектұров майданда дивизиялық газет редакторы болған. Елге оралған соң 1958 жылдан бастап, ұзақ жыл Жазушылар одағының Қарағанды облысындағы облысаралық бөлімшесін басқарған.

1919 жылы өмірге келген Балтабай Адамбаев – Сарысу ауданы, Байқадам ауылының тумасы. Майданда рота командирі болды. Өлең жинақтары, деректі әңгімелермен повесттерінен тұратын кітаптары бар.

Жамбылдан майданға аттанған жазушылар туралы деректер аз болса да, олардың қалам мен қаруды қатар ұстаған ерліктері бүгінгі ұрпаққа ұран, – дейді Жамбыл облысы мемлекеттік архивінің бөлім басшысы Сағындық Зейнуллаулы.

Тағы бір тарихи деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы жылдарында Қазақстанда 12 атқыштар дивизиясы мен 4 ұлттық дербес атты әскер дивизиясы, 7 бригада, 50-ге жуық полк, батальон және өзге де әскери құрамалар жасқалған. Олардың бәрін киім-кешекпен, тамақ-

пен қамтамасыз етуде жамбылдықтар ерен еңбектің үлгісін көрсеткен.

Жамбыл қаласында жасқалған Ұлттық атты әскер дивизиясының сапына алынып, әскери дайындықтан өткен Қалмахан Әбдіқалыров бұл кезде ел таныған ақын болатын. Әйгілі «Мың бір түн» хикаясын қазақша сөйлеткен жазушы Қызылорда облысы Шиелі ауданында туылған. Соғыстан аман есен оралған соң ол Қазақстан Жазушылар одағында, Жамбыл ақынның мұражайында қызмет атқарып, 1964 жылы өмірден өтті.


Облыстан 105-ші атты әскер дивизиясының сапында болған жазушының бірі Талас ауданының Қызылөуіт ауылында 1922 жылы дүниеге келіп, соғысты Берлинде аяқтаған Мынатай Қыстаубаев. Ол аға-лейтенант шенінде майдан оралып, туған ауылында ұзақ жылдар ұстадық етті. Қыстаубаев жүрегінен өлең төгілген ақын болса да Жазушылар одағына өтпеген. Атақтардан да алыс жүрген. Десе де оның ерлігі мен енебегін ұрпақ ұмыта қойған жоқ. Бүгінде ақынның туған ауылы Қызылөуіттегі орта мектеп Мынатай Қыстаубаевтың есімімен аталады.

Негізі, 1941 жылдың қараша айында Жамбыл қаласында 105 дербес ұлттық атты әскер дивизиясы қауырт құрылды. Ұлттық болған соң оған қазақ ұлтынан азаматтар көптеп тартылуы керек болды. Бұл елді мекендердегі оқыған, көзі ашық азаматтардың қатарын тағы да сирете түсті.

Облыстық архивтің 282 қорының 1 тізіміндегі 453 ісінің 29 бумасында 1943 жылдың қыркүйегіне дейін Жамбыл облысында және Жамбыл қаласында қандай әскери құрамалар құрылғаны туралы тың деректер сақталған. Міне, осы құжатқа сүйенсек, 1941 жылы маусым айында Жамбылда 678 жеке атқыштар батальоны құрылған. Осы жылдың тамыз айында 81 атты әскер дивизиясы жасқалған. Шілде айында дербес инженерлік-құрылыс батальоны Жамбыл қаласынан майданға аттанады. Ал 1941 жылдың соңында облыста газсыздандыру отряды құрылды.

Міне, осылайша Қазақстан соғыстың бірінші күнінен алдыңғы шептен табылған. Тылда да, майданда да ерлік танытқан. Ал жеңіс күнінің жақындауына өлшеусіз үлес қосқан жазушылардың ерлігі ешқашан ұмытылмайды.

Жамбыл облысы



Жылқы қазақ даласында қолға үйретіліп, бабаларымыздың серігі болғаны рас. Сөйте тұра, бұл жануарлар адамзат тарихындағы соғыстың көбіне қатысыпты. Тіпті, Екінші дүниежүзілік соғыста атты әскер дивизияларының маңыздылығы ерекше болған екен. Германия әскерилері атты әскерге қарсы арнайы тактикалар да ұйымдастырған.

# Жалын ОТ ШАЛҒАН

жануарлар

1941 жылы соғыс басталған шақта Кеңес Одағының қарулы күштері шөлге төзімді, мініске берік, күші мығым жылқы түрін одақтас республикалардан арнайы жинаған. Сол заманда Маңғыстаудың кең даласында асау жылқыларға құрық салу дүрбелені басталған. Алдымен Гурьевке айдап, одан әрі лек-легімен вагондармен майданға аттандырған. Азаматынан бір, жылқысынан екі айыр-ылған қалың ел соғыстың бітуін тағатсыздана күтіп, қолдан келгенше көмегін аймаған. Тіпті, кейбіреулер баптап баққан жүйрігі мен талай бәйгеден озған тұлпарларын арнайы ұстап әкеліп вагондарға өз қолымен тиіп жіберген.

Алғашқыда Маңғыстаудан майданға айдалған 480 бас жылқы болғаны тіркелген деректер мұрағаттардан табылған. Кейінгі зерттеулер бойынша қазақ даласынан барлығы 3 мыңға жуық жылқы-рық майдан даласында түрлі жұмысқа жіберілген. Бұл әзірге бізге белгілі дерек қана. Болжам бойынша қазақтар майданға 100 мыңдай жылқы жіберген екен. Олардың арасында ерекшелігімен көзге түсіп, мадақ-марапатқа ие болғандары бар ма? Соғыста нешеуі окка ұшып, нешеуі аман-сау қалды. Одан кейінгі тағдырлары қандай болды? Өкінішке қарай, мұндай ақпарат бізге жетпеді. Тек генерал Д. Городовиков мінген Адай жылқысы майдангердің абыройын асқақтатқаны туралы айтылады. Қазақ даласынан келген бір топ жылқы генерал Д. Городовиковтың қарамағындағы әскери құрылымдарға жіберіледі. Бас білетін тұғырлы тұлкітер міністен бөлек түрлі жұмысқа жетіледі. Ауыр зенбіректерді сүйреп, әскери қимылдарды жылдам атқаруға тартылады. Күші мен шыдамдылығы жағынан өзге жылқыларға ұқсамайтын бұл жылқылар



тобы қазақ даласынан келгенін білген генерал қазақ халқына ризашылық білдіріп, өз атынан және күллі қызыл армия атынан алғыс айтқан хат жолдайды. Қазақтың арда батыры Бауыржан Момышұлының да майдан даласында «Сүрқөжек» есімді ақбоз аты болғаны белгілі. Ол туралы өз аузынан айтылған естеліктері де жетерлік.

«Мен алымдай басып, шеткері тұрған ақбозға жақындап, зер салдым. Орташа ғана тығыршықтай ат. Құйрық-жалы сұйықтау, қоян жақ, бөкен қабак, құйма тұяқ. Арқасында ер қакқан оймақтай ақ дағы бар. «Япырым-ай, атқа ат ұқсай береді екен-ау» деп тұрмын ішімнен. Сонау бір жылы тайға мініп жарысып жүрген кезімде бүкіл Қаратау атырабында аңыз болып кеткен Сүрқөжек. Сол Сүрқөжек те дәл осындай шағын ғана елеусіз жылқы болатын. Аттың жонарқасын сипап, сауырын қағып-қағып қойдым. Ақбоз маған қарап оқыранды», — деп жазды батыр өз естелігінде.

Ол уақытта әскердегі әр жылқының рөлі әскери бөлімнің тактикасына, шаруашылық жағдайына және шайқас өткен жердің географиясына байланысты болды. Жылқыларды пайдалануда Германия мен КСРО бірдей қолданды. Қазіргі деректерге сәйкес, 1941 мен 1945 жылдары екі жақ 6 миллионнан астам жылқыны соғыс

тәсілдерінде пайдаланған деген ақпарат бар. Бұл туралы ресейлік зерттеуші Николай Бобров «Лошади во Второй мировой войне» атты еңбегінде жазған.

Бірінші дүниежүзілік соғыспен салыстырғанда атты әскерлердің саны айтарлықтай қысқарғанымен, көлік ретінде түрлі міндетті орындап отырған. Соғыс басталған шақта Кеңес армиясында шамамен 120 мың жылқысы бар 30-ға жуық атты әскер дивизиясы болған екен. Кейін қатары біртіндеп сиреп отырған. Себебі жылқыны баптап күтуден бөлек арнайы жылқы бағушы әскерлер тобы мен қатты суықта арнайы қоралар қажет болған. Мұндай қатал әрі

жылқыларды күнделікті жемлеу мен күтуге байланысты қиындықтар туындаған. Атты әскерлер өзгелерден тыс қары жерлерде болды. Себебі аттарды азықтандыру үшін шөбі мол жер қажет. Тек шөпте жайылған жануарлар жұмысқа жарамай қалған. Дегенмен талай жалды жануардың майдан даласындағы ауыр жағдайды жеңілдетуге орасан зор ықпалы болғаны белгілі, — дейді А. Козленко өз еңбегінде.


Тағы бір деректерде Сталинградтағы фашист жауынгерлері өздерінің сыртынан қоршаған кеңес армиясы қоршауын бұзып өте алмай аштыққа ұшырайды. Сол кезде өздерінің мініске

әкелген және түрлі жұмысқа жетілген жылқыларын шетінен қырып жей бастайды. Осылайша, қаланы азат еткен сәтте Кеңес әскері тау болып үйілген жылқы тұяқтары мен ат бззелдерін көріп жаға ұстаған. Мәлімет бойынша, Германияның 6-армиясы Сталинград түбінде 6 мыңнан астам атты тулағымен қосып жеп қойған.

Соғысқа қатысқан жауынгерлер мен иттерге тіпті техника түрлері мен аттарға қатысты көптеген мақала, ән, өлеңдер жазылып, фильмдер де экранға шықты. Тіпті, ескерткіштер де жетерлік. Осыдан біраз жыл бұрын Мәскеудегі «Женіс» саябағы аумағында «Соғыс жолында» атты монғол жылқысын еске алуға арналған ескерткіш пайда болды. Деректер бойынша 1943 жылдан бастап соғысқа сонау монғол елінен де жылқылар тартылған. Монғол зерттеушілерінің айтуынша, 1945 жылға дейін майданға одақтас ел ретінде көмекке 500 мың жылқы жөнелтіліпті. Ескерткіш кешен осы бір ерекше жағдайды есте сақтау мақсатында қоладан құйылған екен. «1942-1944 жылдарда майдан даласында болған барлық ірі шабуылға кеңестік атты әскер бөлімдері сәтті қатысқан. 1941 жылдың 22 маусымында Қызыл Армия құрамындағы жылқы саны 526,4 мың болса, 1 қыркүйекте әскерде тұяқтылардың 1,324 мыңы ғана қалды» деп жазды сол кезде «Правда» басылымы. Бұған қарап жылқы түлігінің соғыс даласында өте көп мөлшерде шығын болғанын байқаймыз. 2004 жылы Лондонда соғыста жоғалған жануарларға арналған ескерткіш мемориалды кешені ашылған. Мемориал адам ұрыстарында қызмет еткен және қаза тапқан барлық жануарды еске алуға арналған. Қазір ескерткіш кешен өзге де көптеген жануардың мүсіндерімен толығуда. Мұнда «Оларда таңдау болған жоқ...» деген жазу ғана бар.

Бердібек ҚАБАЙ

Сонымен, 1941 жылы фашистік Германия КСРО-ға шабуыл бастаған соң майданға аттанған талай боздақпен бірге жылқылар да от кешіпті. Майдан даласына азық-түлік, жылы киім-кешек, қару-жарақтың түр-түрі мыңдаған эшелонға тиеліп, үздіксіз жіберіліп жатты. Осындай эшелонның бірқатарында майданға қарай жалын жел тараған талай жылқы қазақ даласынан аттанған. Мұндай тарихты біреу білсе, біреу білмейді. Ең қызығы, қазір селекциялық ғылым әлемнің түкпір-түкпірінде бойында Адай жылқысының қаны бар талай сәйгүліктің жүргенін анықтаған. Бұл Адай жылқысы сол Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде майдан даласына барып, сол далада жүріп Германияның асылтұқымды жылқылар санатына енгізілді, осы арқылы әлемге тараған деген болжам бар. Адай жылқысының асылтұқымдылар санатына енгізілуіндегі бір мән, қыл құйрықтың бұл түрі аса шыдамды әрі шөлге төзімді болып келеді екен. Сондықтан кезінде неміс ғалымдары жылқының бұл түрін өзге жылқылармен будандастырып, өзгеше жылқы түрлерін қалыптастыра бастаған.



NUR MEDIA  
МЕДИАКОМПАНИ

AIQYN

Меншік иесі — «Айқын-Литер» ЖШС

Директор —  
Талғат ЕШЕНУЛЫ

Бас редактор —  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС —  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ —  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА —  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ —  
Ақмола облысы  
Алматы қаласы  
Сәйтхан САТЫЛҒАН —  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ —  
Қарағанды облысы  
Назғу НАЗАРБЕК —  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА —  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ —  
Қызылорда облысы  
Бани ЖАНУЗАҚ —  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін — 15102  
Зейнеткерлер,  
соғас ардагерлері үшін — 55102  
Жеке жазылушылар үшін — 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

87011 675-42-14, 87172) 72-95-31  
reklama-aiqyn@gmail.com  
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:

87711 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тансырқы №4444  
Астана қ., «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілепті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқалов көшесі, 223 В  
Шымкент қ., «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,